



# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ГODOBOЙ OTЧET

2016





Жылдық есеп 2016

## Мазмұны

<b>8</b>	Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
<b>10</b>	Банктің қысқаша тарихы. Миссиясы және көздегені
<b>12</b>	Директорлар кеңесі
<b>13</b>	Басқарма
<b>14</b>	Департаменттердің басшылары
<b>18</b>	Акционерлер және капитал
<b>19</b>	Дивидендтік саясат
<b>20</b>	Корпоративтік басқару. Корпоративтік басқару кодексі
<b>30</b>	Тәуекелдерді басқару жүйесі
<b>36</b>	Ішкі бақылау жүйесі және аудит
<b>37</b>	Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2016 жылы төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат
<b>40</b>	Қазақстан Республикасы экономикасының және банк секторының 2016 жылғы дамуына шолу
<b>44</b>	Банк секторы
<b>48</b>	ЦентрКредит банкінің 2016 жылғы қызметіне шолу
<b>58</b>	Мемлекеттік бағдарламалар бойынша кредиттеу
<b>59</b>	Бөлшекті кредит беру
<b>60</b>	Заңды тұлғаларға кредит беру
<b>61</b>	Қазіргі және ықтимал инвесторларға қатысты ақпараттық саясат
<b>61</b>	Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қайта қаржыландыру
<b>62</b>	Депозиттер

<b>63</b>	Халықаралық қатынастар
<b>66</b>	Қор нарығындағы және банкаралық нарықтардағы операциялар
<b>70</b>	Кастодиандық қызмет
<b>71</b>	Ақша аудару операциялары
<b>71</b>	Contact
<b>71</b>	Western Union
<b>74</b>	Жедел аударымдар
<b>75</b>	Жедел түсім
<b>78</b>	Карточкалық бизнес
<b>82</b>	Қызметкерлер
<b>84</b>	Аударма жасау
<b>85</b>	Ақпараттық технологиялар
<b>90</b>	ЦентрКредит банкінің өткізу желісі
<b>91</b>	Есеп айырысу орталығы
<b>92</b>	«BCC INVEST» АҚ
<b>94</b>	«BCC – ОУСА» ЖШС
<b>98</b>	Тәуелсіз аудиторлардың есебі
<b>114</b>	2016 жыл ішіндегі басты оқиғалар
<b>118</b>	Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау
<b>119</b>	ЦентрКредит банкінің 2017 жылға арналған негізгі мақсаттары мен міндеттері



---

# Қазақ халқының ою-өрнектері

Қазақтың ұлттық ою-өрнегі бізді сонау ата-бабамыздың дәуірімен байланыстыратын арқау болып табылады. Ою-өрнектер көшпенділердің қоршаған заттарға көркемдік пен үйлесімділік беруге ұмтылысын, сондай-ақ қазақ халқының дүниетанымын, кеңістік пен уақыт туралы ұғымын білдіреді. Мүйіз, қошқармүйіз – қазақ оюының ең көне мәнері. Мүйіз өрнегімен байлық, малды көбейту, бойтұмар ұғымдары байланыстырылады. Кеңістікті толтырып тұратын қошқармүйіздің күрделі тарамдары көшпенділіктің мәнін айқындап тұрғандай, яғни үздіксіз еркін қозғалыстың белгісі тәрізді. Осы негіздің аясында қазақ халқының ою-өрнектерінде басқа да өсімдік, зооморфтық, геометриялық элементтер де қолданылды. Сонымен қатар ою-өрнек түстерінің де ерекше маңызы болды. Ақ түс ақ жолды, адалдықты, бақытты өмірді; қызыл түс отты, күннің тасыған қуатын, махаббатты; қара түс күшті, айбындылықты, сондай-ақ мақсатты білдіреді. Жасыл түс жер әлемнің жандануын, көктемді, жастықты, көк түс аспанды, Көк тәңірін, сары түс ақыл-ой, парасатты білдіреді. Ою-өрнекпен безендірілген тұрмыстық заттар әлемдік кеңістіктің кескініне айнала бастады.

---





# «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Б. Р. Байсейітовтің үндеуі

## Құрметті акционерлер!

2016 жылдың бірінші жартысында Қазақстан экономикасында инфляция деңгейі жоғары көрсеткішті көрсетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ұлттық банкінің күшімен жылдың екінші жартысында – құнсыздану процестерінің салдары жойылған еді, алайда қаржылық-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы еліміздің банк секторына, сондай-ақ Центр-Кредит банкіне де тікелей әсер етті.

Есепті жылы қаржы нарығында ресурстардың құны көтеріліп, корпоративтік клиенттерге, сонымен қатар жеке тұлғаларға кредит беру деңгейі төмендеді, елде бизнестің белсенділігі айтарлықтай төмендеді.

Осы орайда банк қызметінің, соның ішінде активтердің деңгейі, кредит портфелі, депозиттік база бойынша негізгі көрсеткіштерінің саны азайды.

Бұл жағдайларда банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы сапалы көрсеткіштерге, проблемалы кредиттермен жұмыс жүргізуді жандандыруға, техникалық қайта жарақтандыруға басты назар аудару жөнінде шешім қабылдады, бұл айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі 14,2%-дан (01.01.2016 ж.) 8,9%-ға (01.01.2017ж.) дейін төмендеді, абсолютті көрсеткіш бойынша 89 млрд теңгеге азайды. Банк валюталық кредиттердің оңтайлы деңгейіне қол жеткізді (21,7% – саладағы ең төмен көрсеткіштердің бірі), бұл теңгенің құнсыздануына байланысты тәуекелдерге тиісінше ден қоюға мүмкіндік берді.

Банк кредит беруді қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысып, осы көрсеткіш бойынша көшбасшылардың бірі болды. Арзан ресурстар тапшы болған кезде Банк мемлекеттік бағдарламалар аясында 31 млрд теңге сомасында жобаларды қаржыландырды.

Colvir компаниясының өндірістік, заманауи IT-платформасына көшу Банк қызметіндегі маңызды оқиға болды. Colvir жүйесін енгізу банктік бизнесті жүргізудің халықаралық стандарттарын сақтаған кезде Банкке банктік технологиялардың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Басқа да шаралармен қатар қызметкерлермен жоспарлы жұмыс жүргізу, шығындарды төмендету жөнінен тиісті шара қолдану, стратегиялық серіктес Кукминбанкпен бірлесіп әрекет ету 2016 жылғы жұмысты пайда бойынша, халықаралық және қазақстандық нормативтерді сақтау бойынша позитивті көрсеткіштермен аяқтауға мүмкіндік берді.

Қолданылған шаралар нәтижесінде Банк кредиттеу саласында да, тартылған депозиттердің мөлшері бойынша да нарықта өз орнын (6-орын) сақтап қалды.

Есепті жылы Директорлар кеңесі Банктің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын, еншілес компаниясы – «BCC-Invest» ЖШС-ның даму стратегиясын бекітті, бұл бизнесте жаңа оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берері сөзсіз.

«Банк ЦентрКредит» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы

**Бақытбек Байсейітов**



## Банктің қысқаша тарихы

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған. Қазақстандағы алғашқы коммерциялық банктердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта Банктің акционерлері: Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы, «Цеснабанк» АҚ, «Цесна қаржы холдингі» АҚ. Банк 100-ден аса филиал мен бөлімшеден тұратын, республика бойынша кең тараған ауқымды филиалдық желісі арқылы заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді.

Банктің корреспонденттік желісі 40-қа жуық шетел банкін қамтиды, бұл сіздердің серіктестеріңізбен дүние жүзі бойынша есеп айырысу жүргізуге мүмкіндік береді.

ЦКБ кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі барлық мемлекеттік бағдарламаларға белсенді түрде қатысады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасының» аясында 2014 жылы кредиттерді субсидиялау жөніндегі ең үздік банк» атағына ие болды. Сонымен қатар ЦКБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының аясында қол қойылған кепілдік шарттарының саны бойынша жетекші болып табылады.

### Тарихы:

#### 2016 жыл:

- Colvir-дің жаңа IT-платформасына ауысу.
- ЦентрКредит Банкі саяхат жасауды ұнататын клиенттері үшін Card for fly пластик карталарын шығара бастады.
- Банктің «Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ-дағы үлесі сатылды.

#### 2015 жыл:

- Азия Даму банкінің (АДБ) инвестициялық бағдарламасы бойынша 5 жыл мерзіміне 11,1 млрд теңге сомасында қаражаттың екінші траншын тарту туралы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен келісім жасалды
- Елімізде жиналған автокөліктерді сатып алушыларға кредит беру жолымен қазақстандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстанның Даму банкімен 20 жыл мерзіміне 2 млрд теңгені тарту туралы келісім жасалды.
- Банк айналымдағы төлем карталарының саны бойынша әлемде ең ірі болып табылатын UnionPay International халықаралық төлем жүйесіне кірді.

#### 2014 жыл:

- Өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін шағын орта бизнесті қаржыландыру үшін ҚР Ұлттық қорының қаражатын тартуға «Даму» КДҚ» АҚ-пен кредиттік келісімге қол қойылды.
- Азия Даму банкінің шағын орта бизнесті қаржыландыруға арналған екінші траншын алу туралы келісім жасалды.
- Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) микро, шағын және орта бизнесті қаржыландыруға «Даму» КДҚ» АҚ-тың кепілдігімен 5 жыл мерзіміне 10 млрд теңгеге кредиттік келісім жасалды.

#### 2013 жыл:

- Банктің 2013-2017 жылдардағы ортамерзімді кезеңге арналған жаңа даму стратегиясы әзірленді;
- IT стратегиясының тірек жобасы – дайын пакеттік шешім негізінде банктің жаңа автоматтандырылған жүйесін құру жобасы басталды.

#### 2012 жыл:

- Шотты қашықтан басқару жүйесі – Star Banking атты жаңа қызмет енгізілді.

#### 2011 жыл:

- Оңтүстік Корея Республикасымен іскерлік қарым-қатынастағы бизнес клиенттердің жұмысын жүргізуге, сондай-ақ корейлік қатысуы бар компаниялармен ынтымақтастық орнатуға арналған Қазақстан үшін бірегей болып табылатын «Korean Desk» жобасы өз жұмысын бастады.

- KPMG консалтингтік компаниясымен бірлесіп, банкте ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын әзірлеу жұмысы аяқталды.

#### 2010 жыл:

- Халықаралық қаржы корпорациясы ЦентрКредит Банкін Қазақстанда 2010 жылы сауданы қолдау жөніндегі жаһандық бағдарлама аясында ең үздік эмитент банк деп таныды.
- ЕҚДБ: 2010 жылы сауданы қолдау бағдарламасы аясында ең үздік эмитент банк.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ, Kookmin Bank Co Ltd және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) ЦКБ капиталына қатысу бойынша жасалған мәмілені аяқтады.

**Банктің миссиясы:** «Клиенттеріміз бен қызметкерлеріміз үшін сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, біз олардың мақсаттарын іске асыруға мүмкіндік жасаймыз, еліміздің өркендеуіне бірге жетеміз».

#### Банктің көздегені:

- Ең үздік қызмет көрсетуші банк
- Жоғары технологияларды пайдаланушы банк
- Бөлшекті бизнес пен шағын және орта бизнеске қызмет көрсетуге бағытталған әмбебап банк
- Тәуекелді басқарып, мақсатты кіріске қол жеткізе отырып, тұрақты өсу
- Қызметкерлер үшін ең жақсы жұмыс орны.



## Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 желтоқсанда жұмыс істеген құрамы

**Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы**  
Директорлар кеңесінің төрағасы

**Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы**  
Директорлар кеңесінің мүшесі

**Ли Владислав Сединович**  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
Банк Басқармасының төрағасы

**Werner Frans Jozef Claes**  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор

**Jeoung Sang-Kweon**  
Директорлар кеңесінің мүшесі

**Еркеғұлов Нұртай Шайқыұлы**  
Корпоративтік хатшы



## Басқарманың 2016 жылғы 31 желтоқсанда жұмыс істеген құрамы

**Ли Владислав Сединович**  
Басқарма төрағасы

**Han Jong Hwan**  
Басқарушы директор

**Yang Jin Hwan**  
Басқарушы директор

**Әділханов Бұлан Әділханұлы**  
Басқарушы директор

**Әлжанов Мақсат Қабыкенұлы**  
Басқарушы директор

**Won Sung Je**  
Басқарушы директор

## Департамент директорларының тізімі

2016 жылғы  
31 желтоқсандағы жай-күйі  
бойынша

Адам ресурстары департаментінің директоры  
**Исмаилов Болат Исмаилұлы**

Заң департаментінің директоры  
**Жакеев Бекежан Искандарұлы**

Қауіпсіздік департаментінің директоры  
**Тастанбеков Бақытжан Бахадырұлы**

Корпоративтік қаржы департаментінің  
директоры  
**Нұрғазин Мұрат Маралұлы**

Бөлшекті бизнес департаменті  
директорының м.а.  
**Еселбаева Айжан Ерғалиқызы**

Банк карталары және дистанциялық банкинг  
департаментінің директоры  
**Попова Татьяна Валерьевна**

Қазынашылық департаментінің директоры  
**Габасов Тимур Рауфович**

Жоспарлау және қаржы департаментінің  
директоры  
**Асылбек Ержан Асылбекұлы**

Бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік  
департаментінің директоры  
**Нұрғалиева Айжан Төлеуғазықызы**

Тәуекелдер департаментінің директоры  
**Теңізov Рустам Болатқанұлы**

Кредиттік тәуекелдер департаментінің  
директоры  
**Владимиров Руслан  
Владимирович**

Заңды тұлғалардың кредиттерін басқару  
департаментінің директоры  
**Омаров Тимур Мақсұтұлы**

Жеке тұлғалардың кредиттерін басқару  
департаментінің директоры  
**Сүйінішев Асхат Досқазыұлы**

Әкімшілік департаментінің директоры  
**Дорожкин Сергей Иванович**

Операциялық департаменттің директоры  
**Вахидова Ризвангуль  
Сайдуллаевна**

Есеп айырысу орталығының  
басқарушысы  
**Вон Галина Доннеровна**

Ақпараттық технологиялар  
департаментінің директоры  
**Шаяхметова Күләш  
Ізмағзамқызы**

Технологиялық даму департаментінің  
директоры  
**Ақылов Тимур Аманұлы**

Бас аудитор  
**Мусина Рақыш**

Бас комплаенс-бақылаушы  
**Жұмахметов Әбіләкім  
Сейітмағамбетұлы**





---

# Тәжік халқының ою-өрнектері

Тәжік халқының ою-өрнегі Көне Парсы және Соғды кезеңінен бастау алады. Оның басты ерекшелігі – жарқын түстердің үйлесімді гаммасы мен алуан түрлілігі. Бір өрнектер кілемдерді көріктендірсе, енді бірі жамылғыштар мен киімдерді әсемдейді. Тәжік халқының шекпендері мен тақияларының өзіндік символикалық белгісі бар. Жайнамаздар өзінің символикасымен дұға тілеушінің дұғасы мен тілегін білдіреді, ал кестелері өсімдік сипаттағы өрнектердің алуан түріне қанық. Тәжікстанның бір өңіріндегі айқын да, жалынды кесте түстері өзге өңірдің нәзік түстерімен алмасып отырады. Тәжік халқының ою-өрнектерінде гүлдер мен гүлдің сабақтары өзінің пішімі бойынша күрделі болып келіп, сәнді гүл шоқтарына жинақталады. Гүлшанақтар ұзақ өмірді, игі тілекті білдіреді. Кестелеп тігілген сюзане панносы бүгінгі таңда да тәжік үйінің басты әшекейі болып табылады. Оған күннің, түрлі гүлдердің, мақтаның, оттың символы ретінде бұрыштың собығын, құнарлылықтың символы ретінде анардың суретін кестелеп тікті. Кез келген сюзане панносынан кішігірім қателікті табуға болады: бүрі жарылмаған гүл, желектердің кездейсоқ саны немесе тағы басқа. Шын мәнісінде мінсіз жаратылысты тек Алла Тағала ғана жаратады. «Қателік» бұл Алла Тағалаға деген құрметті білдірді.

---

## Акционерлер және капитал

### Акционерлер және капитал

2017 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дананы, жарияланған артықшылықты акциялардың саны 39 249 255 дананы құрады, жарғылық капитал 69 751 млн теңге сомасында төленді.

Орналастырылған акциялардың 5 және одан көп пайызын иеленетін акционерлер:

Kookmin Bank Co Ltd. – 41,93%

Байсейітов Б.Р. – 25,6%


IFC – 10%

2017 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ЦКБ-нің меншікті капиталы (ҚР ҰБ бойынша пруденциялдық) 160 575 млн теңгені құрады.

#### Меншікті капиталдың құрылымы, млн теңге:

Бірінші деңгейдегі капитал – 122 797 млн теңге

Екінші деңгейдегі капитал – 46 865 млн теңге



## Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивиденд алу құқығы және оны төлеу процедурасы Банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген Банктің Жарғысында белгіленген.

Дивидендтік саясат дивиденд төлемдерінің мөлшерін анықтаған кезде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың және оның акционерлерінің мүдделерінің теңгеріміне, Банктің инвестициялық тартымдылығын ұлғайтуға, қаржылық тұрақтылығына, капиталдандырылуына және өтімділігіне, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз етуге, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және оларды қатаң түрде сақтауға, акционерлердің әл-ауқатын арттыруға негізделеді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі ортамерзімді перспективада ұстанымды сақтанымпаз дивидендтік саясатты ұстануды орынды деп есептейді, ол келесі негізгі принциптерді қамтуы тиіс:

- ортамерзімді перспективада «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың таза табысын бөлу мәселесінде басымдық оны капиталдандыруға (қайта инвестициялауға) берілуі тиіс;

- артықшылықты акциялар бойынша дивиденд «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысында көзделген мөлшерде белгіленеді;
- өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша төленетін дивидендтің жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген шекті мағынадан артық болмауы тиіс;
- өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша ықтимал залалдарға жол бермеу мақсатында дивиденд жылына бір рет өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша жарияланады және төленеді;
- жай акциялар бойынша дивидендті төлеу туралы шешімді қабылдау және жыл қорытындысы бойынша бір акцияға шаққандағы дивидендтің көлемін бекіту «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының құзыреті болып табылады.

Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд жыл сайын 1 (бір) артықшылықты акция үшін 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) теңге көлемінде төленеді.

Банктің дивиденд бойынша шығыстары келесідей болды:

*мың теңге*

	<b>2016 (2015 ж. бойынша)</b>	<b>2015 (2014 ж. бойынша)</b>	<b>2014 (2013 ж. бойынша)</b>
Артықшылықты акциялар бойынша	392	392	392
Жай акциялар бойынша	-	-	-
Барлығы	392	392	392

Бір акцияға шаққандағы:

– жалғастырылатын қызметтен түскен базалық кіріс 16,63 теңгені, тоғытылған кіріс 16,62 теңгені;

– тоқтатылған қызметтен түскен базалық кіріс 12,16 теңгені құрады.

01.01.2017 жылғы жай-күйі бойынша жай акцияның ағымдағы нарықтық құны 169 теңгені құрады.

## «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару акционерлердің жиналысында (2006 жылғы 26 мамырдағы хаттама, 5.1-тармағы) бекітілген, акционерлердің жиналыстарының шешімдерімен (2009 жылғы 30 сәуірдегі хаттама, 6.1-тармағы, 2013 жылғы 26 сәуірдегі хаттама, 5.1-тармағы, 2015 жылғы 24 сәуірдегі хаттама 4.1-тармағы) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

### «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару келесі принциптерге негізделеді:

1. Корпоративтік басқару Банктің акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделеді және оның тиімді қызметіне, оның ішінде: активтердің құнын ұлғайтуға, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға, жұмыс орындарын құруға көмектеседі.
2. Банктің тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі корпоративтік басқаруға барлық қатысушылардың өз қызметін іске асыруындағы ашықтық болып табылады.
3. Аталған принциптер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңын, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару принциптерін, халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесін ескере отырып құрылған.
4. Корпоративтік басқару тәжірибесі акционерлерге қоғамға қатысуға байланысты өз құқықтарын жүзеге асыруға нақты мүмкіндікті қамтамасыз етуі тиіс.
5. Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесі акциялардың бір түрін иеленетін акционерлерге тең қарауды қамтамасыз етеді. Құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлердің тиімді қорғау алуға мүмкіндігі бар.
6. Корпоративтік басқару тәжірибесі Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруды және өз тарапынан Басқарма қызметіне тиімді бақылауды жүзеге асыруын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің Банк акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз етуі тиіс.
7. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банктің атқарушы органдарының (Басқармасының) Банктің ағымдағы қызметін тиімді басқаруды, сондай-ақ атқарушы органдардың (Басқарманың) Банктің Директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне есеп беруін саналы түрде, адал, тек қана Банктің мүддесінде жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.
8. Корпоративтік басқару тәжірибесі дәлелді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне және инвесторларға Банк туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік пен басқару құрылымы туралы, толық және шынайы ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді.
9. Корпоративтік басқару тәжірибесі мүдделі тұлғалардың, оның ішінде Банк қызметкерлерінің заңнамада көзделген құқықтарын есепке алуға және Банктің активтерін, Банктің акциялары мен бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында Банктің және мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын ынталандыруға тиісті.
10. Корпоративтік басқару тәжірибесі акционерлердің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау мақсатында Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз етуге тиісті.
11. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банк өз қызметін жүзеге асырған кезде қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін есепке алуға тиісті.

## Акционерлер жиналысы

2016 жылғы 15 сәуірде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда келесі шешімдер қабылданды: 2015 жылғы қызметтің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі, 2016 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілік бекітілді. 2015 қаржы жылы үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивиденд төленбесін; 2015 жылдағы 1 000 млн (бір миллиард) теңге сомасындағы таза кіріс банктің бөлінбеген кірісі құрамында қалдырылсын деген шешім қабылданды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Есеп комиссиясының барлық мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және келесі құрамда бес адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлау бекітілді: Хон О.Ю. – комиссия төрағасы; комиссия мүшелері: Быков А.Н., Идаятова Д.Н., Қалекеева Ш.Ы., Тимченко М.В.

Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі 3 жыл деп белгіленді.

Осы жылдың 12 тамызында акционерлердің сырттай жиналысының «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту жөніндегі қорытындысы шығарылды. Дауыстардың қарапайым көпшілігімен Kwon Oh Ki мырзаның өкілеттігін тоқтату және тәуелсіз директор, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына Lee Sangwon мырзаны тағайындау туралы шешім қабылданды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 26 қазандағы № 13-6-08/1864 хаты арқылы Lee Sangwon мырзаның кандидатурасын келісімге алудан бас тартып, Банктер туралы заңның 20-бабының 6-тармағына сәйкес тәуелсіз директор, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі Lee Sangwon мырзаның өкілеттігі тоқтатылды.

## Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің құрамы және олардың арасында міндеттердің бөлінуі:

Байсейітов Б.Р. – Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің төрағасы;

Jeoung Sang-Kweon – Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі, Бас офистің кредит комитетінің мүшесі, Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі;

Ли В.С. – Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті төрағасының орынбасары, Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі;

Аманқұлов Ж.Р. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Бас офистің Кредит комитетінің төрағасы; Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің мүшесі, Директорлар кеңесі жанындағы Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі; Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитетінің мүшесі;

Kwon Oh-Ki (акционерлердің 2016 жылғы 12 тамыздағы жалпы жиналысының шешімімен сырттай дауыс беру арқылы өкілеттігі тоқтатылған) – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі;

Lee Sangwon (акционерлердің 2016 жылғы 12 тамыздағы жалпы жиналысының шешімімен сырттай дауыс беру арқылы сайланды, Қазақстан Республикасы Ұлт-



тық Банкінің 26.10.2016 жылғы № 13-6-08/1864 нұсқамасын орындау үшін Директорлар кеңесінің 31.10.2016 жылғы № 194 қаулысына сәйкес өкілеттігі тоқтатылған) – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі;

Werner Claas – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесі жанындағы Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы.

Корпоративтік хатшы Еркеғұлов Н.Ш.

Директорлар кеңесі тұрақты түрде мәжілістер өткізіп тұрды. Есепті кезең ішінде комитет мүшелерінің қатысуымен 4 мәжіліс өткізіліп, келесі мәселелер қарастырылды:

- 2016 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық есептілікті алдын ала бекіту,
- акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім,
- «ВСС-ОУСА» ЖШС еншілес ұйымын дамыту стратегиясы,
- «ВСС-Invest» АҚ қызметі,
- Банктің 2016-2020жж. кезеңіне арналған стратегиясын бекіту,
- Colvir жүйесінің жаңа АТ-жүйесін енгізу,
- 2016 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы,

- «ВСС-ОУСА» ЖШС қызметі,
- Аудит комитетінің төрағасын сайлау,
- Ұйымдық құрылымды өзгерту жөніндегі ұсыныстар,
- Банктің 2017 жылға арналған бюджетінің жобасы.

Директорлар кеңесі телефондық конференция арқылы 10 хаттамаға, сырттай дауыс беру арқылы 253 қаулығы қол қойды.

## Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Директорлар кеңесі жанында Аудит комитеті, Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті, Бас офистің Кредит комитеті, Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет іс-әрекет етеді.

## Аудит комитеті

Аудит комитетінің құрамы:

1. Kwon Oh Ki (Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор) – комитет төрағасы;
2. Аманқұлов Ж.Р. (Директорлар кеңесінің мүшесі) – комитет мүшесі;
3. Jeoung Sang-Kweon (Директорлар кеңесінің мүшесі) – комитет мүшесі.

2016 жылғы тамыз – қазан айлары аралығында комитет төрағасы болып тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі Lee Sangwon мырза сайланған.

Комитет хатшысы Әміржанов А.С.

«Банк ЦентрКредит» АҚ Аудит комитеті 2016 жылы 4 мәжіліс өткізді, 15 мәселені қарады, олардың ішінде:

- Ішкі аудит қызметінің есептілігін (жылдық және тоқсандық) қарауға қатысты 5 мәселе;
- Банкте ішкі аудит жүргізу процесін жетілдіру бойынша 8 мәселе (жоспарлар, әдістеме және ішкі нормативтік құжаттар, сонымен қатар ұйымдық мәселелер);
- Банктің шоғырландырылған есептілігіне аудит жүргізуге қатысты «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясы енгізген 2 мәселе.

## Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті

Комитеттің құрамы:

1. Байсейітов Б.Р. – комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. Ли В.С. – комитет төрағасының орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы;
3. Jeoung Sang-Kweon – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. Аманқұлов Ж.Р. – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
5. Yang Jin Hwan – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
6. Әлжанов М.Қ. – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;

7. Han Jong Hwan – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;

8. Won Sung Je – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;

9. Әділханов Б.Ә. – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;

Комитет хатшысы Абубакиров И.М.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті 2016 жылы кезекті 12 және 17 кезектен тыс мәжіліс өткізді, 280-нен аса шешім қабылдады.

Жыл бойы комитет Банктің негізгі қызметі бойынша өзекті және уақытылы шешімдер қабылдады, нақты алғанда:

- активтер мен міндеттемелерді, капиталды басқару,
- өтімділікті басқару,
- қаржылық тәуекелдерді басқару,
- пайыздық саясаттың орындалуын бақылау,
- ішкі және реттеуші нормативтерді орындау.

Жасалған жұмыс нәтижесінде Банктің қаржылық көрсеткіштерін, өтімділігін ұлғайту, активтерді әртараптандыру, бизнестің тұрақтылығы, капиталдың жеткіліктілігі, банк өнімдерінің клиенттер үшін тартымдылығы бойынша іс-шаралар жүргізілген.

## Бас офистің Кредит комитеті

Комитеттің құрамы:

1. Аманқұлов Ж.Р. – комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2. Jeoung Sang Kweon – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. Han Jong Hwan – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
4. Әлжанов М.Қ. – комитет мүшесі; Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
5. Нұрғазин М.М. – Корпоративтік қаржы департаментінің директоры;
6. Сами Қ.А. – Заң департаментінің өкілі;
7. Ахметов А.Х. – Қауіпсіздік департаментінің өкілі.

Комитет хатшысы Ибраимова А.Б.

Бас офистің Кредит комитеті 85 мәжіліс өткізді. Төмендегілер жөнінде 260 мәселе мақұлданды:

- жобаларды қаржыландыру,
- кредиттерді қайта құрылымдау,

- мониторинг туралы есептерді бекіту,
- төлем кепілдіктері мен тендерлік кепілдіктерді шығару.

Сонымен қатар Комитет техникалық сипаттағы 696 мәселені, басқа да мәселелерді қарастырды.

## Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитеттің құрамы:

1. Werner Claes – комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор,
2. Jeoung Sang-Kweon – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі,
3. Ли В.С. – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы,
4. Аманқұлов Ж.Р. – комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Комитет хатшысы Еркеғұлов Н.Ш.



# Корпоративтік басқару кодексі

Корпоративтік басқару кодексінің талаптарын ескере отырып, 2016 жыл бойы Банк бөлімшелері басшыларының бұрын бекітілген Кадрлық және Әлеуметтік саясаттарды іске асыру аясындағы жұмысын бақылап, оларға бағыт беріп отырды. Кадрлық саясатты іске асыру Банк бизнесінің қажеттіліктеріне, ҚР заңнамасының талаптарына және еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес қызметкерлердің сандық және сапалық құрамының теңгерімін қамтамасыз етті. Қызметкерлерді жан-жақты әлеуметтік қорғау, жағымды моральдық-психологиялық ахуал орнату, қолайлы еңбек жағдайын жасау, қызметкерлердің өзін-өзі дамытуына және корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндіктер беру бойынша шаралар қолданылды.

Комитет 2016 жылы комитет мүшелерінің қатысуымен мәжіліс өткізген жоқ.

## Банк Басқармасы

«Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасы мүшелерінің құрамы және олардың арасында міндеттердің бөлінуі:

### 1. Ли В.С., Басқарма төрағасы.

Ішкі бақылау, комплаенс тәуекелді басқару, адам ресурстарын басқару мәселелерін қосқанда, Банктің оперативтік қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды, банк мүдделерін құқықтық жағынан қорғауды жүзеге асырады, акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Сенімхатсыз мемлекеттік биліктің барлық органдарында, халықаралық және басқа да ұйымдарда «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың мүддесін білдіреді, құқықтық, оның ішінде сот арқылы өндіріп алу және атқарушылық іс жүргізу аясында Банктің мүддесін қорғауды ұйымдастырады.

Басқарушы директор, Басқарма мүшелерінің және хатшылықтың міндеттерін бөліп, олардың жұмысын реттейді.

Комплаенс қызметінің (Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде), Адам ресурстары департаментінің, Заң департаментінің, Қауіпсіздік департаментінің жұмысына жетекшілік етеді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитетінің (HR комитеті), Азаматтық қорғаныс штабының қызметін басқарады. Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің жұмысына қатысады.

### 2. Yang Jinhwan, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

Қаржылық қызмет, оның ішінде бюджеттеу және бюджетті орындау процестері; активтерді басқару, банктің меншікті капиталымен, міндеттемелерімен операциялар жүргізу, банк шығындарын талдау және бақылау, ресурстарды, қаржылық және операциялық тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау; бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік, оның ішінде салық салу; операциялық қызметтің есебін жүргізу және оны қолдау, пруденциалды нормативтерді сақтау, ағымдағы өтімділікті басқару, кастодиандық қызметті ұйымдастыру мәселелері, халықаралық ынтымақтастық орнату, стратегиялық жоспарлау, Банктің ұйымдық құрылымын әзірлеу, Банктің бірыңғай стандартталған әдістемелік базасын құру және жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, жоспарлау, BPR бақылау және басқару; еншілес ұйымдармен бірлесіп әрекет ету мәселелері бойынша Банктің және оның еншілес компанияларының бөлімшелерін үйлестіру және бақылау.



Қазынашылық департаментінен, Бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік департаментінен, Жоспарлау және қаржы департаментінен тұратын қаржы тобының қызметіне жетекшілік етеді.

Теңдерлік комиссияның, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өткізу жүйесін ашу және қайта ұйымдастыру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қызметін басқарады. Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің, Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеттің (HR комитеті), Банк Басқармасы жанындағы Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитеттің, Банк Басқармасының жанындағы Тәуекелдер жөніндегі шағын комитеттің жұмысына қатысады.

### 3. Әлжанов М.Қ., Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

Бизнесі дамыту, оның ішінде «Банк ЦентрКредит» қаржы тобы бизнесінің өнімдерін кеңейту процестері, корпоративтік және бөлшекті бизнес желілері бойынша сатылымдарды жоспарлау және ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу, төлем карточкалары нарығындағы бизнесті дамыту, дебеттік және кредиттік карталар бойынша жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлеу, карточкалық өнімдер мен қызметтерді сату мен жылжытудың тиімді жүйесін құру, жарнама және PR жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша Банк бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырып, оған бақылау жасайды.

Корпоративтік қаржы департаментінен, Бөлшекті бизнес департаментінен, Банк карталары және дистанциялық банкинг департаментінен, филиалдардан тұратын бизнес тобының қызметіне жетекшілік етеді.

Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің, Бас офистің Кредит комитетінің, Банк Басқармасы жанындағы Тәуекел-

дерді басқару комитетінің, Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитетінің (HR комитеті), Банк басқармасы жанындағы Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитеттің жұмысына қатысады.

Банк бөлімшелерінің Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығымен және банктер қауымдастығымен бірлесіп әрекет ету жұмысын үйлестіреді.

### 4. Han Jong Hwan, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

Кредиттік тәуекелдерді барынша төмендету, банктің кредиттік портфелінің сапасын жақсарту және тиісті деңгейде сақтап қалу, халықаралық стандарттарды есепке ала отырып, кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және стратегияны әзірлеу және іске асыру, кредит портфелін әртараптандыру, тиімді кредиттік тәуекел менеджменті жүйесін құру, кредиттік әкімгерлікті жүзеге асыру, қаржы құралдарымен жұмыс жүргізу, пруденциалды нормативтерді сақтау, проблемалы кредиттермен жұмыс жүргізу мәселелері бойынша Банктің және оның еншілес ұйымдарының бөлімшелерін үйлестіру және бақылау.

Кредиттік тәуекелдер департаментінен, Тәуекелдер департаментінен, өңірлік Кредиттік талдау орталықтарынан тұратын Кредиттеу және тәуекелдерді басқару тобының қызметіне жетекшілік етеді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасы жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетінің, Бас офистің Кредиттерді басқару комитетінің қызметін басқарады.

Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің, Басқарма жанындағы Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитеттің, Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеттің (HR комитеті) жұмысына қатысады.

Қосымша: Банктің мерзімінен кешіктірілген қарыздары бар және проблемалы қарыз алушыларымен жұмыс жүргізу процесін ұйымдастыру.

Жеке тұлғалардың кредиттерін басқару департаментінің, Заңды тұлғалардың кредиттерін басқару департаментінің, өңірлік Кредиттерді басқару орталықтарының қызметіне жетекшілік етеді.

Бас офистің кредиттерді басқару жөніндегі қызметін басқарады.

#### 5. Won Sung Je, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

Банк қызметіне IT-қолдауды қамтамасыз ету, банктің ақпараттық жүйесін жетілдіру, оның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, корпоративтік желілерді дамыту және оларды қолдау, банктің ақпараттық технологияларын дамыту жөніндегі саясатты және стратегияны іске асыру, АТ-жобалар портфелінің міндеттерін жоспарлау және оларды басқару, бизнес-процестерді автоматтандыру, өңірлік Операциялық қолдау орталықтарының техникалық және бағдарламалық сүйемелдеу бөлімшелерінің қызметіне функционалды бақылау жасау.

Ақпараттық технологиялар департаментінен, технологиялық даму департаментінен тұратын Ақпараттық технологиялар тобының қызметіне жетекшілік етеді.

Ақпараттық технологияларды басқару комитетін басқарады.

Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің, Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеттің (HR комитеті), Банк басқармасы жанындағы Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитеттің жұмысына қатысады.

#### 6. Әділханов Б.Ә., Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.

Банктің, оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету, ұйымдық басқарушылық құжаттама бойынша материалдық-техникалық және құжаттамалық қамсыздандыру, филиалдардың бэк-офисін және филиалдардың құрылымдық бөлімшелеріне функционалды бақылау жасау, инкассолық өкімдерді, төлем талап тапсырмаларын орындау.

Әкімшілік департаментінен, есеп айырысу орталығынан, операциялық департаменттен тұратын Қызметті қолдау тобының жұмысына жетекшілік етеді.

Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің, Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеттің (HR комитеті) жұмысына қатысады.

Банк ішіндегі «Наш Вестник» басылымының жұмысын ұйымдастырады.

### Банк Басқармасы жанындағы комитеттер

Банк Басқармасы жанында келесі комитеттер іс-әрекет етеді: Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитет, Стратегия жөніндегі басқарушы комитет, МШОБ стратегиясын әзірлеу жөніндегі басқарушы комитет, Кредиттерді басқару комитеті (Кредиттерді басқару жөніндегі шағын комитет), Тәуекелдерді басқару комитеті, Ақпараттық технологияларды басқару комитеті, Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитет (HR комитеті).

### Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитет

2016 жыл ішінде Бизнесі дамыту комитетінің комитет мүшелерінің қатысуымен 8 мәжілісі және 30 сырттай мәжілісі өткізілді. 68 мәселе қаралды.

«Жас отбасы» ипотекасы, «Жаңа баспана» ипотекасы, «Банк қызметкерлеріне арналған ипотека», «Бизнес-клиенттерге арналған «SMS-хабарлама» атты жаңа өнімдер бойынша шешімдер қабылданып, мақұлданды, сонымен қатар кепілдерді нотариустар арқылы тіркеу бойынша жоба іске қосылды. Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бойынша сатылымдар бөлімшелері үшін акциялар өткізіліп, филиалдардың директорлары арасында кредит карталарын сату бойынша жарыстар мен қызметкерлер арасында «Nomad Club» карталарын сату бойынша жарыстар өткізілді. «Бипэк Авто Қазақстан» компаниясымен келісім жасалды. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі АҚ-тың және «Даму» АҚ-тың қаражаты тартылды. Сондай-ақ «Наурыз», «Ұтқыр көктем», «Happy Card», «Күзгі көңіл-күй», «Card for fly», «Аккредитивтер уақыты» атты маркетингтік акциялар іске қосылды, «Бюджеттік» өнімдер пакеті бекітілді.

### Даму стратегиясын әзірлеу бойынша басқарушы комитет

Құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма мүшелері кіретін Банктің даму стратегиясын әзірлеу бойынша басқарушы комитет 2016 жылы 9 мәжіліс өткізді. Сонымен қатар стратегиялық опцияларды әзірлеу және Банкті дамытудың келісілген көрінісін қалыптастыру мақсатында Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің және департаменттер директорларының қатысуымен 2 стратегиялық сессия өткізілді. Банктің KPMG компаниясының консультанттарымен бірлесіп жүргізген жұмысының нәтижесінде ЦентрКредит Банкінің 2016-2020жж. аралығындағы кезеңге арналған даму стратегиясы әзірленді және стратегияны Директорлар кеңесі 2016 жылдың маусым айында бекітті. Жаңа стратегияға сәйкес басым сегменттер, салалар мен өңірлер, перспективалы өнімдер мен сату арналары анықталды, бизнесті дамыту және жандандыру жолдары белгіленді.

### МШОБ стратегиясын әзірлеу бойынша басқарушы комитет

МШОБ стратегиясын әзірлеу бойынша басқарушы комитеттің мәжілістері ЕҚДБ-ның техникалық қолдауымен және KPMG мен IPC қатысуымен есепті жылы үш рет өткізілді. Мәжілістерде ЖК және ШОБ сегменттеріндегі кредиттеу процестерін және скоринг-модельдерді талдау, шағын бизнес сегментіндегі бизнес-клиенттерге кредит беру бойынша жаңа бизнес-процестерге – жеңілдетілген процестерге өту мәселелері қаралды, сонымен қатар Банктің ұйымдық құрылымын жақсарту жөніндегі ұсыныстар қаралды, жобалардың, соның ішінде МШОБ кредиттеуде қолдау көрсету, ЦентрКредит Банкінің ШОБ дамыту стратегиясының, ЦентрКредит Банкінің 2016-2018жж. кезеңіне арналған ШОБ стратегиясының қағидаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының, сонымен қатар маркетинг жоспарының мәртебесі туралы есептер тыңдалды.

### Кредиттерді басқару комитеті (Кредиттерді басқару жөніндегі шағын комитет)

Кредиттерді басқару комитеті 44 мәжіліс өткізіп, барлығы 461, оның ішінде: қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша 49, кепілдік қамсыздандыру бойынша 105, басқа сұрақтар бойынша 307 мәселені қарады.

Сонымен қатар Комитет өңірлік Кредиттік талдау орталықтарының, өңірлік Кредиттерді басқару орталықтарының проблемалы қарыз алушылармен жүргізген жұмыстары жөніндегі есептерін қарады, кредиттеу және қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша өкілеттіктер беру, кепілдік қамсыздандыру және басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдады.

Кредиттерді басқару жөніндегі шағын комитет 96 мәжіліс өткізіп, 2031 мәселені, оның ішінде қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша 205, кепілдік қамсыздандыру бойынша 696, өзге сұрақтар бойынша 1130 мәселені қарады.

### Тәуекелдерді басқару комитеті

Басқарма жанындағы Тәуекелдер жөніндегі шағын комитет 2016 жылдың сәуір айында Басқарманың 18.04.2016ж. №365 шешіміне сәйкес Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті болып қайта құрылды. 2016 жыл ішінде Комитет 25 (оның ішінде кезекті 12 және кезектен тыс 13) мәжіліс өткізді. Мәжілістерде Банкке және оның еншілес ұйымдарына қатысты тәуекелдерді басқару бойынша 171 мәселе қаралды.

### Ақпараттық технологияларды басқару комитеті

Ақпараттық технологияларды басқару комитеті 2016 жылы комитет мүшелерінің қатысуымен 7 мәжіліс және сырттай 13 мәжіліс өткізді. Заңды тұлғаларға арналған автоматты депозиттік машиналарды, ақпараттық төлем терминалдарын, банкоматтарды сатып алу; «Жедел түсім» жүйесі бойынша жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдау үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен ынтымақтастық орнату; қолма-қол ақшаны басқару жөніндегі Кэш-менеджмент жобасы сияқты бірқатар негізгі банктік өнімдер мен процестер бойынша сатылымдар көлемін ұлғайтуға бағытталған жобаларды қарады. Сонымен қатар «Colvir Banking System» өндірістік автоматтандырылған банктік жүйесінің жұмысын оңтайландыру және оның функционалын кеңейту мақсатында «Colvir» жүйесінде 24/7 Шоттар процессингі, Төлем жасауға ұсынылған шоттар, Касса-есеп айырысу қызметін көрсету, Валюталық бақылау, Акциялар мен облигациялар, Аккредитивтер, Карточкалық жүйенің бэк-офи-

сі, Мерзімді депозиттер, Филиалдық желі ішінде ақша аудару, Валюталық нарық, Қамсыздандыруды есепке алу, Негізгі құралдар, Қызметкерлер, Кредиттер сияқты бағыттар бойынша 19 пысықтауды іске асыру бекітілді.

Физикалық және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін көтеруге бағытталған техникалық жобалар қарастырылды: Қауіпсіздік департаментінің процестерін кешенді түрде автоматтандыру; басып кіру жағдайларын айқындау жүйесін сатып алу; қауіпсіздікті және қауіпсіздік оқиғаларын басқарудың жаңа жүйесін (SIEM) сатып алу; БААЖ-ды оңтайландыру бойынша жұмыстарға мониторинг жүргізу.

Қолданыстағы процестерді оңтайландыру бойынша Help Desk жүйесінің жаңа нұсқасына ауысу; Банктің тірек бизнес-процестеріне және IT-жүйелеріне мониторинг жүргізетін бірегейлендірілген жүйені құру; «ВСС-ОУСА» ЖШС процестерін автоматтандыру жобалары бойынша шешімдер мақұлданды.

### Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитет

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеті есепті кезеңде 45 мәжіліс (комитет мүшелерінің қатысуымен 38 мәжіліс және сырттай 7 мәжіліс) өткізді. Комитет жұмысының аясында еңбекақы төлеу, материалдық және материалдық емес ынталандыру бағдарламалары, марапаттау және тәртіптік жаза қолдану, басшы лауазымдарына тағайындау, қызметкерлерді ротациялау, жұмыскерлерді жалдау және ауыстыруға қатысты жұмыс принциптерін белгілеу (мүдделер қақтығысы матрицасы) бойынша 72 мәселе қаралды, сонымен қатар басшы лауазымдарына тағайындауға қатысты критерийлер белгіленді.

# Тәуекелдерді басқару жүйесі

Банкте тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі енгізілген, ол «қорғаныстың үш желісіне» негізделеді – бастапқы сәйкестендіру және банк қызметінің барысында тәуекелдерді тудыратын құрылымдық бөлімшелердің өздерінің тәуекелдерді басқаруы, тәуекелдер деңгейіне мониторинг жүргізуі, тәуекел менеджменті бөлімшесінің тәуекелдерді басқаруының тиімді жүйесін құру (екінші желі), ішкі аудит бөлімшесінің тарапынан тәуекелдерді басқару жүйесін тәуелсіз бағалау (үшінші желі).

Банкте қолданылатын басқарушылық есептілік жүйесі Банктің тәуекелдерге шалдығушылығы жөніндегі басқарушылық шешімді қабылдау үшін қажетті ақпараттың Директорлар кеңесіне, Басқармаға, уәкілетті алқалы органдарға және Банктің мүдделі бөлімшелеріне уақытылы және толық ашылуын қамтамасыз етеді.

Банк қызметіне тән болатын негізгі тәуекелдер:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел;
- операциялық тәуекел;
- Комплаенс тәуекелі.

## КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекел қарыз алушылардың өздеріне алған ақшалай міндеттемелерін орындау жөніндегі шарттардың бастапқы талаптарын орындамауының салдарынан Банкте залалдың пайда болу тәуекелін білдіреді. Осыған орай кредиттік тәуекел деген – қарыз алушының кредитті өтеу сәтіндегі кредитті төлеуге ішінара немесе толық қабілетсіз болуына байланысты, кредиттік портфельдің құнының төмендеуінің нәтижесінде белгілі бір уақыт аралығында берілген ықтималдықпен

пайда болуы мүмкін, күтілетін ең үлкен залал.

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте сатылымдар мен тәуекелдерді басқару қызметтерін бөлуді есепке ала отырып, жаңа бизнес-процесс әзірленіп, тәуекел менеджменті жүйесі енгізілді.

Тәуекел менеджменті деген – ол тәуекелдерді бағалаудың, шешімдерді қабылдаудың және орындаудың және олардың орындалуын бақылаудың барлық ұйымдастыру процесін қамтитын тәуекелдерді басқарудың бірыңғай жүйесі. Аталған жүйеге Банктің стратегиясы, ұйымдық құрылымы, тәуекелді капитал салудың мақсаттарын қалыптастыруға, тәуекелдің дәрежесін, көлемі мен туындау ықтималдығын анықтауға, тәуекелді басқару стратегиясын және оны төмендету механизмін таңдауға мүмкіндік беретін процедуралар, технологиялар мен өнімдер кіреді.

Кредиттік тәуекелді басқару жалпы кредиттеу процесін басқарудың негізгі бөлігі болып табылады. Кредиттік тәуекелді нақты бір қарыз алушының тәуекеліне және портфель тәуекеліне бөлу басқару процесінде тәуекелдің әрбір түрінің ерекшеліктерін есепке алуды көздейді. Осыған байланысты кредиттік тәуекелдерді басқарған кезде келесі екі тәсіл қолданылады:

1) Тікелей тәуекелдерді (нақты бір қарыз алушының тәуекелдерін) басқару;

2) Кредиттік портфельдің тәуекелдерін басқару.

Осы кез келген кредиттік тәуекелдің түрлерін басқарудың ортақ сипаттарымен бірге арнайы ерекшеліктері де болады. Басқару мақсаттарының айырмашылығы маңызды жағдай болып табылады:

1) жеке қарыз алушының кредиттік тәуекелін басқару мақсаты – қарыз алушының Банк алдындағы шарттық

міндеттемелерін орындамау ықтималдығын төмендету және кредит қайтарылмаған жағдайда, Банктің шығыстарын барынша азайту;

2) Банктің кредиттік салымдары жиынтығының тәуекелін басқару мақсаты – Банктің кредиттік операцияларын ұйымдастыру тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерді белгілі деңгейлерде сақтап қалу.

Нақты қарыз алушының кредиттік тәуекелін басқару кредиттеу процесінің шеңберінде жүзеге асырылады. Кредиттік процестің әрбір кезеңінде кредиттік тәуекелді басқарудың өз ерекшеліктері болады. Клиенттермен тікелей байланыста болып, кредиттеу процесіне қатысатын қызметкерлердің міндеті Банктің Кредиттеу және кредиттік тәуекелдерді басқару саясатын, операцияларды стандарттау, тәуекелдерді қысқарту, кредиттеу барысында жіберілетін қателіктерді азайту мақсатында әзірленген процедураларды дәл сақтап отыру болып табылады.

Банктің кредиттік портфелін басқаруды жүзеге асыратын қызметкерлердің міндеті әзірленген нұсқаулықтар мен процедураларды дәл қолдану, кредиттік тәуекел деңгейіне ықпал ететін факторларды анықтау және оны лайықты бағалау болып табылады.

## ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі – төлеудің нақты мерзімі келген кезде депозиттерді қайтару және қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерін өтеу үшін қаражатты алған кезде қиындықтар туындау тәуекелі.

Қазынашылық департаменті аталған тәуекелді басқаруды активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау, ағымдағы өтімділікті қолдау және ақша ағындарын оңтайландыру мақсатында ақшалай нарықтық операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Жоспарлау және қаржы департаменті өтімділікті ұзақмерзімді перспективада қолдау мақсатында баланстың оңтайлы құрылымын есептеуді және активтер мен міндеттемелерді басқаруды жүзеге асырады.

Тәуекелдер департаменті өтімділікті басқару жөніндегі лимиттерді есептейді және өтімділік көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізеді.

Өтімділікті басқару жөніндегі лимиттерді және ГЭП-позицияларға белгіленген лимиттерді уәкілетті алқалы органдар (Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті, Тәуекелдерді басқару комитеті) мақұлдағаннан кейін, оларды Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесі бекітеді.

## НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекел Банктің кірістеріне немесе капиталына нарықтық мөлшерлемелер немесе бағалардың тұрақтылық деңгейіндегі өзгерістер теріс ықпалын тигізеді деген тәуекелді білдіреді. Нарықтық тәуекел пайыздық тәуекелді, валюталық тәуекелді және Банк өз қызметінің процесінде ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелдерін білдіреді.

## ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Банк пайыздық тәуекелге ұшырауы мүмкін, өйткені ол қарыздарды тіркелген, сондай-ақ құбылмалы сыйақы мөлшерлемесімен береді. Тәуекелдің бұл түріне Банк тіркелген және құбылмалы сыйақы мөлшерлемелерімен берілетін қарыздардың қолайлы ара қатынасын қолдау арқылы бақылау жасайды.

Жоспарлау және қаржы департаменті Топтың ағымдағы қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді, Топтың пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге сезімталдығын және Топтың өтімділігіне тигізетін әсерін бағалайды.



Тәуекелдер департаменті пайыздық тәуекелді басқару бойынша лимиттерді есептеуді жүзеге асырады және пайыздық тәуекелдің деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізеді.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Тәуекелдерді басқару комитеті пайыздық тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жүргізіп, Банк үшін оң пайыздық маржаны қамтамасыз етеді.

## ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Валюталық тәуекел валюталарды айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі болып табылады. Банктің қаржылық жағдайы мен ақша ағындарына шетел валюталарын айырбастау бағамдарының тұрақсыздануы әсер етеді.

Қазынашылық департаменті валюталық тәуекелді басқаруды ашық валюталық позицияны басқару арқылы жүзеге асырады, бұл Банкке ұлттық және шетел валюталарының айырбастау бағамдарының айтарлықтай ауытқуынан келетін залалдарды барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Қазынашылық департаменті ҚРҰБ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Топтың ашық валюталық позициясына бақылауды жүзеге асырады.

Тәуекелдер департаменті ашық валюталық позицияларға, арбитраждық позицияларға арналған лимиттерді және stop-loss және stop-out жоғалту лимиттерін есептеп, белгілейді және оларды қолдануға мониторинг жүргізеді.

Барлық лимиттер мен шектеулерді Басқарма мен Директорлар кеңесі бекітеді.

## БАҒА ТӘУЕКЕЛІ

Баға тәуекелі нарықтағы бағалардың өзгеруі нәтижесінде, мұндай өзгерістер жеке бағалы қағаз немесе оның эмитенті үшін ерекше болатын факторлардың немесе барлық бағалы қағаздарға әсер ететін факторлардың өзгеруінен туындағанына қарамастан, қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі болып табылады. Нарықтағы жалпы немесе ерекше өзгерістердің әсер етуіне байланысты Банк баға тәуекеліне ұшырауы мүмкін.

Баға тәуекелін басқару үшін Банк нарық конъюнктурасының жағымсыз өзгерістері салдарынан туындауы мүмкін ықтимал залалдың кезеңдік бағамын пайдаланады және жіберілетін залалдың шамасына орынды шектеулер, сондай-ақ кіріс нормасы мен кепілді қамтамасыз етуге қатысты талаптар белгілейді. Лимиттер мен шектеулерді Басқарма мен Директорлар кеңесі бекітеді.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Операциялық тәуекел жүйелердің жұмысындағы жаңылыстың, белгісіз ұйымдық құрылымның, қызметкерлер қателіктерінің немесе бизнес-процестің дұрыс құрылмауының салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсерінен шығындардың пайда болуы тәуекелін білдіреді. Операциялық тәуекелдерді басқару процесі материалдық шығындарды, Банк беделіне келтірілген зиянды немесе заңнамалық және реттеуші сипаттағы салдарды төмендетуге мүмкіндік береді. Банк барлық операциялық тәуекелдерді есептен шығара алмайды деп болжанады, дегенмен, ол қорғаныстың 3 желісінің тиімді бірлесіп әрекет етуі жолымен, сондай-ақ ықтимал тәуекелдерге мониторинг жүргізіп, оларға жауап қайтару арқылы сондай тәуекелдерді басқаруға тырысады. Бақылау іс-шаралары міндеттердің тиімді бөлінуін, кіруге рұқсат беру тәртібін, авторизация мен салыстырып тексеруді жүзеге асыруды, қызметкерлерді оқыту және бағалау процедураларын қамтиды.



## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Құқықтық тәуекел – Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамауы, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын тұлғаларға қатысты басқа мемлекеттердің қолданылатын заңнамасын орындамауы; банктің жасалған шарттарды орындамауы; қызметін іске асырған кезде құқықтық қателіктерге жол беруі (қате заңдық кеңес беру немесе құжаттарды дұрыс құрмау, оның ішінде даулы жағдайларды сот органдарында қарастырған кезде); құқықтық жүйенің кемшіліктері (кейбір заңнамалық нормалардың бір-біріне қайшы келуі, банк қызметінің барысында туындайтын жекелеген мәселелерді реттеу бойынша құқықтық нормалардың жоқтығы); контрагенттердің нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ жасалған шарттардың талаптарын орындамауы салдарынан туындайтын шығындар ықтималдығы.

Құқықтық тәуекелді басқару төмендегіні қамтиды:

- банк операцияларын құқықтық сүйемелдеу;
- ҚР қолданыстағы заңнамасына мониторинг жүргізу және оның талаптарын орындау;
- клиенттермен, оның ішінде контрагенттермен жасалатын шарттарды, келісімдерді құқықтық сүйемелдеу, оның ішінде келісімшарттар мен келісімдердің легитимділігін бағалау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талқылау бойынша жүргізілетін Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастығының мәжілістеріне қатысу.

## КОМПЛАЕНС ТӘУЕКЕЛІ

Комплаенс тәуекелі – банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін,

банктің қаржы нарығында қызметтерді көрсету мен операцияларды жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының талаптарын, сондай-ақ банктің қызметіне әсер ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасын орындамауы салдарынан шығын пайда болуы қаупі.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты тәуекел – бұл Банкті әдейі немесе байқаусыз қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру процесіне, немесе ол бойынша операцияларды жүргізуге, немесе басқа қылмыстық қызметке қатыстыруға байланысты ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелі.

Аталған тәуекелді басқару процесі Банктің іскерлік беделін қорғауға, сонымен қатар клиенттердің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты операцияларына Банкті қатыстыру тәуекелін төмендету үшін уақытылы және лайықты шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына (ҚР ҰБ Басқармасының 26.02.2014 жылғы № 29 Қаулысымен бекітілген «Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасына») және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша бұрын жүргізілген жұмыстар Қазақстан Республикасының қаржы нарығында 2015 жылы және 2016 жылдың басында байқалған күрделі жағдайдан абыроймен шығуға мүмкіндік берді. Банк бұнымен шектелмей, тәуекел менеджменті процестерін дамытуды жалғастыруда және оларды ең озық шетелдік және отандық тәжірибелерге сәйкес келтіруде.



2016 жылы қаржыны, операциялық тәуекелдерді, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін дамыту саласында келесі іс-шаралар атқарылды:

- Банктің өңірлік бөлімшелеріне тәуекел бойынша үйлестірушілер енгізілді, оларға тұрақты негізде операциялық тәуекелдерді басқару мәселелеріне қатысты оқыту жүргізілуде.
- Операциялық тәуекелдерді басқару әдістемесі жетілдірілді.
- ЦКБ үшін ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін CRAMM әдісі арқылы басқару бойынша жаңа тәсіл қолданылатын ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару бойынша әдістеме әзірленді.
- Операциялық тәуекелдерді басқару процесін автоматтандыру бойынша техникалық талаптар әзірленді.
- Базель III талаптарына сәйкес өтімділік тәуекелін бақылау және оған мониторинг жүргізу бойынша жаңа әдістер әзірленді.
- Пайыздық тәуекелдерді басқару әдістемесі жетілдірілді.
- Банкте стресс-тестілеу жүргізу әдістемесі жетілдірілді.
- 2016 жылы кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында келесі іс-шаралар іске асырылды:
- Клиенттердің төлеуге қабілеттілігін, дефолт ықтималдығын есепке ала отырып, клиенттерге жеке жағдай жасауды қамтамасыз ету, шешім қабылдаған кезде субъективизм деңгейін азайту, сондай-ақ 2016 жылы тәуекелдерді кешенді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында кредит рейтингі мен өтімді, өтімділігі жоғары қамсыздандырумен өтеу деңгейі

негізінде заңды тұлға қарыз алушылар бойынша тәуекел-сыйлықақыны анықтау матрицасы әзірленді. Бұл матрица кредиттер бойынша сыйақының соңғы мөлшерлемесіне баға белгілеу жүйесіне қосылған.

- Банктің бөлшекті кредит беру саласында 2016 жылы әрбір негізгі өнімдер тобы – ипотека, автокредит, кепілді тұтыну кредиттері, кепілсіз қарыздар мен кредит карталары бойынша бес жаңа скорингтік модель енгізілген. Аталған әзірleme клиенттердің кредит алу қабілеттілігіне талдау жасау процесін жақсартуға және бөлшекті кредит беру саласында тәуекелдерді басқарудың скорингтік әдісін дамытуға бағытталған.
- Шағын бизнестің кредиттік өтінімдеріне талдау жасауды жақсарту үшін шағын бизнес бойынша жаңа қағида әзірленіп, енгізілді (2016 жылғы қарашада мақұлданды, 2017 жылғы ақпанда күшіне енді), бастапқы кезеңде қарыз алушыларды іріктеу критерийлері әзірленді.
- Тәуекелдер бойынша сараптамалық қорытындының коэффициенттер тереңнен талданатын жаңа нысандары әзірленген.

## 2017 жылға көзделген жоспарлар:

- Банктің пайыздық тәуекелін басқару процесін жетілдіру аясында пайыздық ГЭП-ті және дюрацияны басқару жүйесін әзірлеу.
- Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін автоматтандыруға қойылатын талаптарды белгілеу.
- Операциялық тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу.
- Кредиттік және құжаттамалық тәуекелдерді азайту мақсатында бақылау қызметін автоматтандыруға және банктің автоматтандырылған жүйесінің қызметін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жалға

стыру. Оның ішінде жеке кәсіпкерлер сегменті үшін скоринг модельдеріне талдау жасау және оларды әзірлеу жұмыстарын жалғастыру жоспарланған, бұл осы бағыт бойынша клиенттердің кредиттік өтінімдеріне талдау жасауды күшейтуге мүмкіндік береді.

- Банктің ҚЕХС 9 жаңа стандарттарын әзірлеу және оған өту жобасын аяқтау, оның ішінде болжанған кредиттік шығындардың негізінде провизия есептеу моделін әзірлеу және енгізу, бұл сыртқы экономикалық факторлар әсер ететін жағдайда Банктің қызметін қорғауға және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Банктің 2016-2020 жылдарға арналған стратегиясының аясында 2017 жылы жаңа жетілдірілген Орта және ірі бизнес клиенттерін кредиттеу қағидасын әзірлеу жоспарлануда.

Банктегі тәуекел мәдениетін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыру.

## Ішкі бақылау және аудит жүйесі

Ішкі бақылау жүйесі:

- банктік тәуекелдерді, активтерді және пассивтерді басқару тиімділігін, активтердің сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін;
- ішкі және сыртқы пайдаланушыларға арналған қаржылық, реттеуші және басқа да есептіліктердің толықтығын, шынайылығын және уақытылы ұсынылуын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін;

- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың заңнамалық және реттеуші талаптарды, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ішкі құжаттарын орындауын қамтамасыз ету үшін;
- заңға қайшы, соның ішінде алаяқтық, қателіктер, олқылықтар, жалғандық, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы қызметтерді жүзеге асыруда «Банк ЦентрКредит» АҚ және оның қызметкерлерінің тартылуына жол бермеу үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-та қабылданған ұйымдастыру, саясат, процедура және әдістер жүйесін қамтиды.

Тәуекелдерді, ішкі бақылауды басқару жүйесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы №29 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасында көрсетілген ең аз талаптармен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың, оның басқару органдары мен қызметкерлерінің қызметіне сәйкес қамтамасыз етіледі.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ішкі бақылау жүйесі үш қорғаныс желісіне негізделеді:

- 1) барлық құрылымдық бөлімшелер;
- 2) бақылау функциясын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер;
- 3) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеретін тәуелсіз ішкі аудит бөлімшесі.

## Ішкі бақылаудың ұйымдық құрылымы:

Директорлар кеңесі	Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін құру бойынша негізгі принциптерді бекіту
Аудит комитеті	Ішкі бақылау жүйесінің қызметін жалпы қадағалау
Ішкі аудит қызметі	Ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін бағалау
Комплаенс қызметі	Комплаенс тәуекелдерді басқаруды әзірлеу, жүзеге асыру және комплаенс тәуекелдерді басқару бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қызметін үйлестіру
Басқарма	Ішкі бақылау жүйесін құру және оның тиімділігіне бақылау жасау
Құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері	Құрылымдық бөлімшеде ішкі бақылауды және комплаенс тәуекелдерді басқаруды, соның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру
Банк қызметкерлері	Ішкі бақылау «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметкерлерінің күнделікті еңбек міндеті болып табылады

## 2016 жылы Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне төленген сыйақының мөлшері және құрамы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды және екінші деңгейдегі банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептіліктің нысанын белгілеу туралы» 24.02.2012 жылғы №74 қаулысына және Банктің ішкі процедураларына сәйкес бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қызметкерлерді ынталандыру жүйесі туралы қағидасына сәйкес басқарушы қызметкердің қосқан жеке үлесіне байланысты Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасы мүшелеріне сыйақы төленеді.

Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелеріне сыйақының төмендегі түрлері белгіленген:

1. Банк Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2016 қаржы жылында төленген сыйақы мөлшері акционерлердің

30.04.2009 жылғы жиналысының хаттамасымен бекітілген Банктің есепті кезеңдегі жоспарлы жалақы қорының 5%-ынан аспайды және 1,6%-ды құрайды.

2. Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелеріне төленген сыйақының төмендегі түрлері белгіленген:

- Директорлар кеңесінің мүшелері – қызметінің жеке көрсеткіштері үшін ай сайын төленетін сыйақы;
- Басқарма мүшелері – кепілдендірілген лауазымдық жалақы, бір жылдағы жұмысының нәтижесі бойынша төленетін сыйақы.

3. Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелеріне 2016 жылы төленген сыйақының мөлшері 460 млн 760 мың теңгені құрады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ басшы қызметкерлерінің жұмыс сапасын белгілейтін критерийлер:

- жылдық қаржылық көрсеткіштердің орындалуы;
- Банктің таза кіріс алуы.



---

# Беларус халқының ою-өрнектері

Беларус халқының ұлттық өрнегі – бұл өзгермейтін ақ түстегі қызыл суреттер. Беларустар көне славян тайпаларынан келе жатқан өрнектердің бастапқы түрін сақтап қалған халық болып есептеледі. Ақ түс адалдықтың, ал қызыл түс қанның, күннің және өмірдің мағынасын білдіреді. Беларус өрнектерінің басты мақсаты – игі тілектер мен тұмардың қызметі. Әрбір өрнекте белгілі бір образ астарланған. Күн белгісі – күш пен мол өнім.

Ай белгісі балаларды түнгі қорқыныштардан сақтайды. От белгісі тұмау тию мен дәріменсіздікті емдейді. Перун сұқ көзден сақтайды, ол өзінің жебелерімен жындарды жазалайды. Тауешкі бүкіл тірі ағзаны аурудан және жын-шайтаннан емдейді және сақтайды. Дәстүр бойынша ағаштың белгісі мәңгілік өмірдің символын – киелі тіршілік ағашын білдіреді. Кішкентай баланың белгісі тұмар ретінде баланы кез келген ауыртпалықтан, бақытсыздықтан және сұқ көзден қорғайды. Байлықтың белгісі іспеттес өрнек байлық пен молшылықты тілеуді білдіреді. Беларус өрнектері өзіндік бейнелерімен, өзінің көне тарихымен, сонымен қатар бірегей геометриялық стилімен ерекшеленеді.

---

# Қазақстан экономикасының және банк секторының 2016 жылғы дамуына шолу

## Макроэкономикалық шолу

В 2016 жылы әлемдік экономиканың өсімі мардымсыз болды және сұраным серпінінің әлсіреуімен, инфляция қарқынының төмендеуімен және жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауымен сипатталды. Алайда Қазақстанның экономикасы үшін жағымды беталыстар да бар: 2016 жылы әлемдік нарықта мұнай мен металға белгіленген баға елеулі түрде көтерілді, атап айтқанда, мұнай бағасы 52,4%-ға өсті, күміс 14,9%-ға, алтын 8,6%-ға, платина 1,2%-ға қымбаттады.


Сыртқы факторлардың әсеріне қарамастан, Қазақстанның экономикасы 2016 жылдың екінші жартыжыл-

дығынан бастап сауыға бастады: инфляция деңгейін төмендетуге және бюджетке салынған макроэкономикалық көрсеткіштерден сүрінбей өтуге мүмкіндік болды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының біртіндеп қайта ілгерілей бастағаны сезіле бастады. Осылайша, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сәйкес жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 2015 жылы 1,2% болса, 2016 жылы 1%-ды құрады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша номиналды ЖІӨ 45 732 млрд теңгеге жетті.

## Қазақстан Республикасының ЖІӨ

● ЖІӨ, млрд теңге ● Нақты өсім



\* жедел деректер



Дәл осы кезеңдегі инфляция болжанған параметрлерден сәл ғана асты. 2016 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 8,5% деңгейінде, ал 2015 жылы 13,6% деңгейінде қалыптасты. 2017 жылы ҚР Ұлттық Банкі инфляцияны 6-8% нысаналы дәлізде сақтап қалу бойынша шаралар қабылдауды жалғастырады, келесі жылдары инфляция деңгейі төмендеу жағына қарай өзгереді деген болжам бар.

Инфляциялық процестерді бәсеңдету аясында ҚР ҰБ 2016 жылдың басынан бастап базалық мөлшерлемені 2016 жылдың ақпан айындағы 17%-дан 2017 жылғы қаңтар айындағы 12%-ға дейін ақырындап төмендетіп отырды.

2016 жылдың соңында орташа айлық номиналды жалақы 13,6%-ға өсіп, 154 632 теңгені құрады (2015 жылдың соңында 13%-ға өсті). Бұл кезде 2016 жылдың басындағы жұмыссыздық деңгейі 5%-дан 4,9%-ға сәл ғана төмендеді.

Экономиканың өсу қарқынының әлсірегеніне қарамастан, 2016 жылы экономиканың нақты секторында, атап айтқанда құрылыс секторында (7,9%-ға өсті), ауыл шаруашылығында (5,5%-ға өсті), көлік саласында (3,7%-ға өсті) және өңдеуші өнеркәсіпте (0,7%-ға өсті) жағымды серпін байқалды.

2016 жылдың алдын ала деректері бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі 1,1%-ға төмендеді. Өнеркәсіптің төмендеуіне мұнай, көмір, темір кенін өндіру және машина жасау елеулі түрде әсерін тигізді. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және кен өндіретін орындарда өндіріс 2,7%-ға азайды. Түсті металлургияның өсуіне байланысты металлургия өнеркәсібіндегі өндірістің 6,6%-ға өсуінің есебінен өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс 0,7%-ға артты.

2016 жылдың алдын ала деректері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы республика бойынша тұтас алғанда 2 074 млрд теңгені құрады, бұл 2015 жылдың деңгейінен 5,5%-ға жоғары.


Өткен жылы құрылыс саласында да даму байқалды. Тұрғын үй құрылысының ұлғаюының есебінен құрылыс жұмыстарының көлемі 7,9%-ға артты.

Сұраныстың төмендеуінің нәтижесінде сауда саласында көрсетілетін қызметтердің көлемі қысқарды. 2016 жылдың жедел деректері бойынша бөлшекті сауда айналымының көлемі 0,9%-ға артты.

Сонымен қатар 2016 жылы негізгі капиталға жасалған инвестициялардың өсу қарқынының артқаны байқалды. Жалпы алғанда, бір жыл ішінде экономикаға 7 719 млрд теңге инвестиция жасалды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 9,9%-ға көп. Инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып отыр. Олардың көлемі 2016 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 4 685 млрд теңгені (үлес салмағы – 61%) құрады.

#### Негізгі капиталға жасалған инвестициялар (мрд теңге)

■ 2015 ■ 2016





Әлемдік экономикадағы тұрлаусыздық және Қазақстанның негізгі сауда серіктестеріндегі өсімнің құлдырауы еліміздің сыртқы сауда айналымына жағымсыз әсерін тигізді. 2016 жылдың алдын ала деректері бойынша сыртқы сауда айналымы 19%-ға, яғни 62 млрд АҚШ долларына дейін қысқарды. Соның ішінде экспорт 36,8 млрд АҚШ долларын құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 20%-ға азайды. Импорт 25,2 млрд АҚШ долларын құрады және 2015 жылмен салыстарғанда 17,6%-ға төмендеді.

2016 жылдың алдын ала деректері бойынша Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 17,5 млрд АҚШ долларын құрап, 2015 жылға қарағанда 16,6%-ға азайды. Соның ішінде экспорт 6,3 млрд АҚШ долларына (20,1%-ға, импорт 11,2 млрд АҚШ долларына (14,5%-ға) азайды.

2016 жылдың алдын ала деректері бойынша Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымы 13,6 млрд АҚШ долларын құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 16,8%-ға азайды. Оның ішінде экспорт 4,9 млрд АҚШ долларын (31,7%-ға аз), импорт 10,9 млрд АҚШ долларын (27,1%-ға аз) құрады.

Еліміздің рейтингтеріне келетін болсақ, 2016 жылдың наурыз айында Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі шетелдік және ұлттық валюталардағы міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді және қысқамерзімді тәуелсіз кредиттік рейтингтерін «BBB-» және «А-3» деңгейінде растады. Болжам «Жағымсыз» болып қалып отыр.

2016 жылдың сәуір айында «Fitch Ratings» халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның шетел валютасындағы эмитент дефолтының ұзақмерзімді рейтингін (ЭДР) «Тұрақты» болжамымен «BBB+» рейтингінен «BBB» рейтингіне дейін төмендетті. Сондай-ақ агенттік ұлттық валютадағы ЭДР «А-» деңгейінен «BBB» деңгейіне дейін қайта қарады. Сонымен қатар Қазақстанның қамсыздандырылмаған облигациялары бойынша ҚР борыштық міндеттемелерінің рейтингі «BBB» деңгейінен «BBB+» деңгейіне дейін төмендеді.

2016 жылдың сәуір айында «Moody's Investors Service» халықаралық рейтинг агенттігі эмитенттің рейтингін және Қазақстанның қамсыздандырылмаған басым борыштық міндеттемелерінің рейтингін «Вaa2» рейтингінен «Вaa3» рейтингіне төмендетті. Рейтингтерді өзгерту болжамы – «жағымсыз».

Дүниежүзілік банктің және «Бизнесі жүргізу» (Doing Business) халықаралық қаржы корпорациясының рейтингінде Қазақстан 2016 жылы 2015 жылғы 51-орыннан 35-орынға көтеріліп, позицияларын жақсартты. Қазақстан құрылысқа рұқсаттар алу, электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу және миноритарлық инвесторларды қорғау сияқты көрсеткіштерге қол жеткізуде айтарлықтай жетістік танытты. Сол аралықта еліміздің кредит алу және салық салу сияқты өлшемдер бойынша позициясы сәйкесінше 5 және 3 позицияға төмендеді.

2016 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан «Legatum» халықаралық зерттеу институтының әлем ел-

дерінің өркендеуі рейтингінде 149 елдің ішінде 82-орынға ие болды. Аталмыш рейтингті құру кезінде экономикалық жағдай, басқару, білім беру және денсаулық сақтау жағдайы, жеке бас бостандығының, қауіпсіздіктің деңгейі, әлеуметтік капитал, экология сияқты көрсеткіштер есепке алынады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның хабары бойынша ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде еліміз 2016 жылдың қорытындысы бойынша әлемнің 138 елі ішінде 53-орынға ие болды. Аталмыш рейтингте макроэкономикалық тұрақтылық, инфрақұрылым, институттардың сапасы, денсаулық және бастауыш білім беру, жоғары білім және кәсіби дайындық, еңбек нарығының, тауарлар мен қызметтердің тиімділігі, қаржы нарығының жетілуі, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі, инновациялық потенциал есепке алынады. Бәсекеге қабілеттіліктің 12 факторының 5 факторы бойынша Қазақстанның позицияларының жақсарғаны байқалады. Инновациялық әлеует факторы бойынша біраз ілгері жылжу бар, «макроэкономикалық орта» факторы бойынша едәуір құлдырауды байқауға болады. Қазақстан 2015 жылмен салыстырғанда, көбінесе мұнайды экспорттаудан түсетін кірісті жоғалтуға байланысты мемлекеттік бюджет көрсеткіштерінің нашарлауының салдарынан рейтингтегі позицияларын елеулі түрде жоғалтып алды.

## Банк секторы

### Активтер

Еліміздің банк секторының жиынтық активтері 2015 жылы 23 780 млрд теңгені құраған болса, негізінен

банктердің валюталық активтерін қайта бағалау есебінен 2016 жылдың қорытындысы бойынша 7,5%-ға өсіп, 25 557 млрд теңгені құрады.

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
ЖІӨ, млрд тг	31 015	35 999	39 676	40 884	45 732
Активтер, млрд тг	13 880	15 462	18 239	23 780	25 557
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	45.7	43.8	47.1	58.3	55.9%
Кредиттердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	38.4	37.8	36.6	38.2	33.9%
Капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	6.6	5.9	6.1	6.1	6.2%
Салымдардың ЖІӨ-ге қатынасы, %	28.1	27.9	29.3	38.3	37.8%

2016 жылы активтердің ЖІӨ-ге қатынасы төмендеп, 56%-ды құрады.

Активтердің құрылымында ең көп үлесті (активтердің 57%) 15 510,8 млрд теңге (2016 жылдың басында – 15 553,7 млрд теңге) мөлшерінде кредит портфелі алады. Екінші деңгейдегі банктердің кредит портфелінің көлемі 2016 жылдан бастап 43 млрд теңгеге немесе 0,3% төмендеп, 15 511 млрд теңгені құрады.

Сала-салаға бөлгенде, банктердің экономиканы кредиттеудегі едәуір сомасы сауда (21,6%), өнеркәсіп (14,3%), құрылыс (7,4%) және ауыл шаруашылығы (5,3%) салаларына тиесілі.

2016 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктердің жалпы портфеліндегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша мерзімінен кешіктірілген берешегі бар кредиттер 219 млрд теңгеге азайды және кредит портфелінде олардың үлесі 01.01.2016 ж. жай-күйі бойынша 13,6%-дан 01.01.2017 ж. жай-күйі бойынша 12,2%-ға төмендеді. Оның ішінде 01.01.2017 жылғы жай-күйі бойынша төлем мерзімінен 90 күннен аса кешіктірілген кредиттер 194 млрд теңгеге азайып, олардың жалпы кредит портфеліндегі үлесі 6,7%-ды құрады, ал 2016 жылдың басында ол 8,0%-ды құраған болатын. ҚЕХС талаптарына сәйкес кредит портфелі бойынша құрылған провизия 0,6 млрд теңгеге немесе 0,04%-ға ұлғайды.

## Міндеттемелер

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жиынтық міндеттемелері 2016 жылы 1 426 млрд теңгеге немесе 6,7%-ға артты. ЕДБ-нің жиынтық міндеттемелері 01.01.2017 жылғы жай-күйі бойынша 22 716 млрд теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелерінде ең көп үлес клиенттердің салымдарына (76,0%) және айналымға шығарылған бағалы қағаздарға (7,8%) тиесілі.

2016 жылы міндеттемелер құрылымында клиенттердің салымдары 10,7%-ға өсіп, 17 269 млрд теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 76,0%-ын құрады. 2016 жыл бойынша заңды тұлғалардың салымдары 7,4%-ға артып, 9 361 млрд теңгені құрады (клиенттердің барлық салымдарының 56%), ал жеке тұлғалардың салымдары 14,8%-ға артып, 7 908 млрд теңгені құрады (клиенттердің барлық салымдарының 44%).

## Капитал


Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің баланс бойынша жеке жиынтық капиталы 2016 жылы 346 млрд теңгеге немесе 14%-ға өсіп, 2 841 млрд теңгені құрады.

## Банк секторының кірістілігі

Таза пайда 171 млрд теңгеге немесе 75%-ға өсіп, 398 млрд теңгені құрады.

Таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 1,61%-ды (өткен жылдың ұқсас күнінде 1,15%) құрады.

Таза кірістің баланс бойынша жеке капиталға (ROE) қатынасы 14,94% (өткен жылдың ұқсас күнінде 9,36%) құрады.



---

# Ўзбек халқының ою-өрнектері

Ўзбек халқының ұлттық ою-өрнегі өте бай және көздің жауын алатындай әдемі, ол өзінің негізін көне бейнелерден алатындықтан, болмысы жағынан алуан түрлі және тұңғық болып келеді. Ою-өрнектер қоршаған ортаны, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, адамның күнделікті тұрмыс тіршілігін, оның армандары мен тілектерін бейнелейді. Мысалы, өзбек халқының дәстүрлі кестелеп тігу өнерінде қолданылатын өрнек –гүлдеп тұрған бау-бақша, ол бақытты өмір мен аман-саулықтың белгісі болып танылады. Хош иісті әсем гүлдер суретшілердің шеберлігі мен ұшқыр қиялдарының арқасында бау-бақшалардан матаның бетіне түсті.

Әрбір гүлдің өзінің символикасы болды: дала кекіресі жас жігітті, ал қызыл көкнәр бойжеткен қызды, раушан гүлдері бейбітшілік пен сұлулықты, қызғалдақ адалдық пен пәктікті білдірді. Бадамның жемістері зор денсаулық пен ұзақ өмірдің символы болып табылады, ал қабықты бұрыштың суреті тазалану мен жамандықтан қорғануды, піскен анардың қызыл жемістері байлықты, молшылықты және құнарлылықты білдірді. Гүлдеген гүлдер мен жүзім сабақтарының арасындағы қалың жапырақтардың ішінде отбасылық бақыт тілеуші әдемі құстар бейнеленді. Тауыстың, қырғауылдың немесе әтештің түрлі-түсті қауырсында-ры сұқ көздерден сақтайды деген ұғыммен бейнеленді, сондай мақсатпен «жыланның ізі» өрнегі де қолданылды.

---

# ЦентрКредит банкінің 2016 жылғы қызметіне шолу


## Активтер

Өткен жыл банк жүйесі үшін қиын жыл болды: қаржы нарығындағы тұрақсыздық, доллармен жасалған салымдар деңгейінің жоғарылауы, қор құру құнының өсуі, кредиттеу тәуекелдерінің артуы – осының бәрі 2016 жылы банк бизнесінің дамуына біршама шектеу қоюға негіз болды. Бұл кезде кредит нарығындағы белсенділік бәсеңдеп, тек жылдың соңғы айларында ғана жандану белгілері пайда болды.

Осы жағдайда, қарызға алынатын қаражаттың құнының қымбаттауына және кредиттеу тәуекелдері деңгейінің жоғарылауына байланысты 2016 жылдың бірінші

жартысында Банктің бизнесі қарқынды болмады, сондықтан, біздің ойымызша, консервативті түрде даму саясаты әбден орынды болды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының активтері 2016 жылы 5,6%-ға төмендеп, 1 362 млрд теңге деңгейіне жетті. Бұл ретте ЦентрКредит Банкінің активтері 1 359 млрд теңгені құрады. Банк 2016 жылдың қорытындысы бойынша нарықта алтыншы орынды иеленді, оның Қазақстанның банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі үлесі 5,3%-ды құрады.





Банк тобының және Банктің активтерінің құрылымы:


(млн теңге)	Банк тобының активтері			Банктің активтері		
	2016	2015	+/- %	2016	2015	+/- %
Ақша қаражаты және оның баламасы	258 787	258 074	0%	258 742	258 610	0%
Клиенттерге және банктерге берілген кредит	818 742	891 980	-8%	805 341	877 833	-8%
Қаржы құралдары және бағалы қағаздар	194 822	207 040	-6%	185 122	203 005	-9%
Банктердегі қаражат	6 834	10 173	-33%	6 829	17 966	-62%
Өзге активтер	83 066	75 144	11%	103 410	83 300	25%
Барлық активтер:	1 362 251	1 442 411	-5,6%	1 359 444	1 440 714	-5,6%

Жоғарыда айтылғандай, 2016 жылдың екінші жартысында ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдай тұрақтана бастаған, экономика қалпына келе бастаған, сондай-ақ базалық мөлшерлеме 12%-ға дейін төмендеген кезде, Банк кредиттердің сапасын жақсарту жөніндегі жұмысқа көбірек көңіл бөлді. Соның нәтижесінде кре-

дит портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі (NPL) бір жыл ішінде 14,2%-дан 8,9%-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ нашар кредиттердің көлемі 89 млрд теңгеге азайды. Банк тобының провизия есептегенге дейінгі кредит портфелі 2016 жылы 14,5%-ға төмендеп, 889,2 млрд теңгені құрады.




Бұл ретте Банк берген бөлшекті кредит жалпы кредит портфелінің елеулі үлесін (38%) алды. 2016 жылы Банктің корпоративтік бизнестегі қарыздарының үлес салмағы 36%-ды құрады. Шағын және орта бизнеске берілген кредиттердің үлесі Банктің кредит портфелінің 26%-ын құрады.



## Міндеттемелер

2016 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының жиынтық міндеттемелері 6,9%-ға төмендеп, 1 263 млрд теңгені құрады. Бұл кезде ЦентрКредит Банкінің міндеттемелері 1 262 млрд теңгені құрады.



Банк тобының және Банктің міндеттемелерінің құрылымы:


(млн теңге)	Банк тобының міндеттемелері			Банктің міндеттемелері		
	2016	2015	+/- %	2016	2015	+/- %
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен кредиттері	109 649	181 548	-40%	107 754	182 606	-41%
Банк клиенттерінің қаражаты	1 053 902	1 060 078	-1%	1 054 358	1 060 787	-1%
Шығарылған борыштық БҚ	24 809	26 595	-7%	24 832	26 617	-7%
Реттелген облигациялар	53 333	62 181	-14%	53 489	62 387	-14%
Өзге міндеттемелер	21 293	25 829	-18%	21 469	18 862	14%
Барлық міндеттемелер:	1 262 986	1 356 231	-6,9%	1 261 902	1 351 259	-6,6%

Банк тобының міндеттемелерінің құрылымындағы жеке тұлғалардың салымдарының үлесі, оған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2016 жылы 3%-ға өсіп, 43%-ды немесе 543 млрд теңгені құрады. Банктің жеке тұлғалардың салымдары нарығындағы үлесі 7%-ды құрады. Банк осы сегмент бойынша нарықтағы алтыншы орынды иеленіп келеді.

Банк тобының заңды тұлға клиенттерінің салымдары, оған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2016 жылы 4%-ға өсіп, 509 млрд теңгені құрады. Банктің заңды тұлғалардың салымдары нарығындағы үлесі 5,0%-ды құрады.

## Капитал

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының капиталы 2016 жылы 15,2%-ға өсіп, 2017 жылғы 1 қаңтарда 99 млрд теңгені құрады. Капиталдың өсуіне бөлінбеген пайданың 7 млрд теңгеге көбеюі негіз болды. Бұл кезде ЦентрКредит Банкінің капиталы 9%-ға артып, 98 млрд теңгені құрады.




### Банк тобының және Банктің капиталының құрылымы:

(млн теңге)	Банк тобының капиталы			Банктің капиталы		
	2016	2015	+/- %	2016	2015	+/- %
Жарғылық капитал	69 789	69 741	0%	69 856	69 856	-
Резервтік капитал	2 686	-2 992	-190%	2 687	-2 771	-
Бөлінбеген пайда	26 387	19 078	38%	24 999	22 370	12%
Иеліктің бақылаудан тыс үлесі	403	353	14%	-	-	-
Барлығы:	99 265	86 180	15,2%	97 542	89 455	9,0%
Соның ішінде таза кіріс	5 361	1 941	176,2%	2 629	1 000	162,9%

## Кредиттеу

01.01.2017 жылғы жай-күйі бойынша кредиттер 14,5%-ға төмендеп, 889,2 млрд теңгені құрады.

### Банктің кредиттері (млн теңге)




01.01.2017 жылғы жай-күйі бойынша ҚР ЕДБ ішінде Банктің валюталық қарыздарының көрсеткіші төмен (20,3%) көрсеткіштердің бірін көрсетті, сондықтан Банктің теңгенің құнсыздануына байланысты тәуекелге ұшырау мүмкіндігі төмен.

### Валюталық қарыздардың үлесі



### Кредиттердің құрылымы (%)

Банктің кредиттік портфелі әртараптандырылған, ең көп үлесін жеке тұлғаларға берілген кредиттер (38,1%) мен «Сауда» саласы бойынша берілген кредиттер (16,7%) қамтиды. Қалған салалардың үлесі 10%-дан аспайды.



Ақпарат көзі: 2016 жылғы Аудиторлық есеп

## Кредиттік портфельінің сапасын жақсарту

2016 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша кредиттік портфельдегі жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) 14,2%-ды құрады. Жұмыс істемейтін қарыздардың үлесін азайту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша NPL 8,9%-ды құрады, сонымен қатар Банк ҚРҰБ талаптарын орындап, кредиттік портфельдегі NPL үлесін 10%-дан аспайтын мөлшерге дейін азайту бойынша Іс-шаралар жоспарын артығымен орындады.

2016 жылы Банк 89 млрд теңге сомасына «тиімсіз кредиттерді» азайту бойынша іс-шаралар жүргізді.

## Кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

**2016 жылы кредиттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында төмендегі іс-әрекеттер жасалды:**

- Клиенттердің төлем жасауға қабілеттілігін, дефолт ықтималдығын есепке ала отырып, клиенттерге жеке жағдай жасауды қамтамасыз ету, шешім қабылдаған кезде субъективизм деңгейін азайту, сондай-ақ 2016 жылы тәуекелдерді кешенді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында кредиттік рейтингі мен өтімді, өтімділігі жоғары қамсыздандырумен өтеу дәрежесі негізінде, Заңды тұлға қарыз алушылар бойынша сыйақы-тәуекелдігін анықтау матрицасы әзірленді. Бұл матрица кредиттер бойынша сыйақының соңғы мөлшерлемесіне баға белгілеу жүйесіне қосылған.
- Банктің бөлшекті кредит беру саласына 2016 жылы ипотека, автокредит, кепілді тұтынушылық кредиттер, кепілсіз қарыздар және кредит карталары сияқты негізгі өнімдер тобы бойынша бес жаңа

скорингтік модель енгізілді. Аталған әзірleme клиенттердің кредитті өтеуге қабілеттілігіне талдау жасау процесін жақсартуға және бөлшекті кредит беру саласында тәуекелдерді басқарудың скорингтік әдісін дамытуға бағытталған.

- Шағын бизнестің кредиттік өтінімдеріне талдау жасауды жақсарту үшін шағын бизнес бойынша жаңа қағида әзірленіп, енгізілді (2016 жылғы қарашада мақұлданды, 2017 жылғы ақпанда күшіне енді), қарыз алушыларды бастапқы кезеңде іріктеу критерийлері әзірленді.
- Коэффициенттерге терең талдау жасау арқылы тәуекелдер бойынша сараптамалық қорытындының жаңа нысандары әзірленді.

### 2017 жылға көзделген жоспарлар:

- Кредиттік және құжаттамалық тәуекелдерді азайту мақсатында бақылау қызметін автоматтандыруға және банктің автоматтандырылған жүйесінің қызметін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жалғастыру. Оның ішінде жеке кәсіпкерлер сегменті үшін скоринг модельдеріне талдау жасау және оларды әзірлеу жұмыстарын жалғастыру жоспарланған, бұл осы бағыт бойынша клиенттердің кредиттік өтінімдеріне талдау жасауды күшейтуге мүмкіндік береді.
- Банктің ҚЕХС 9 жаңа стандарттарын әзірлеу және оған өту жобасын аяқтау, оның ішінде болжанған кредиттік шығындардың негізінде провизия есептеу моделін әзірлеу және енгізу, бұл сыртқы экономикалық факторлардың әсері күшейген жағдайда, Банктің жұмысын қорғауға және оның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Банктің 2016-2020 жж. арналған Стратегиясы аясында 2017 жылы Орта және ірі бизнес клиенттеріне кредит беру туралы жаңа жетілдірілген қағиданы әзірлеу және енгізу жоспарланған.





---

## Грек халқының ою-өрнектері

Қазақстан Қырым елі мен Кавказдан көшіп келген мыңдаған гректер үшін екінші отан болып табылады. Гректердің ұлттық өрнектерінің элементтері сан ғасырлардан бері келе жатыр. Оның басты ерекшелігі – нақты геометриялық сызықтар. Негізгі қасиеттерінің бірі – жеңілдік пен үйлесімділік, символикалық мағынасы екінші кезекте қалады. Тік, көлденең сызықтар мен тік бұрыштардың қарапайым комбинациясынан құралған геометриялық өрнектердің симметриясын гректер мүлтіксіз үйлесімділікке айналдырған. Гректердің ою-өрнегінің негізгі ережесі – түзулік және симметрия. Ою-өрнектерінің пішіні өте аз, бірақ олар шексіз түрленіп, қиыстырылып отырады. Ең танымал грек өрнектерінің бірі меандр деп айтуға болады, ол тік бұрыштардан тұратын толассыз лентаны құрайды. Кіші Азиядағы Меандр өзеніне ұқсас болғандықтан, өрнектің атауын меандр деп атаған, өзеннің ирелең деген жағалары мен ағысы тікбұрышты өрнектің сызықтарын қайталап отырады. Өрнектің түсініктемесіне келсек, меандр үнемі қозғалыстың, мәңгіліктің, өмірдің ағысын, ал түзу сызықтар мен бұрыштар адамгершілікті білдіреді. Көне өрнектердің айқын мысалының бірі – гректердің көптеген бұйымдары мен ескерткіштерінде шиыршықтар суреттелген. Шиыршық дамумен және қозғалыспен байланыстырылады, сонымен қатар ол өмірді білдіреді.

---

## Мемлекеттік бағдарламалар бойынша кредит беру

ЦКБ кәсіпкерлікті қолдайтын барлық дерлік мемлекеттік бағдарламаларға белсенді түрде қатысады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ «Бизнестің жол картасы – 2020» (субсидиялау және кепілдік беру) бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында мақұлданған жобалардың көлемі мен саны бойынша ЕДБ арасында алғашқы үштікке кіреді. 2016 жыл ішінде микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аясында Еуропалық қайта құру және даму банкінің 13,5 млрд теңге мөлшеріндегі қаражаты сәтті игерілді. Сонымен қатар «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ бөлген 3 млрд теңге сомасындағы қаражат уақытылы игерілді.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-пен бірге жүргізілген қызмет аясында Банк Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары бойынша микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін аймақтық қаржыландыру бағдарламасына қатысты.

Нәтижесінде 2016 жылы ЦКБ барлығы 31 млрд теңгеден астам сомаға кәсіпкерлердің жобаларын қаржыландырды.

## Бөлшекті кредит беру

### Бөлшекті кредит беру


2017 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша жеке тұлғаларға берілген кредиттер саны 82 721 кредитті, сомасы 316 316 млн теңгені құрады. Алдыңғы 2016 жылмен салыстырғанда, кредиттік портфель 13,5%-ға кеміді. 2016 жылы жалпы сомасы 58 184 млн теңгені құрайтын 10 776 кредит берілді, оның ішінде:

- жалпы сомасы 9 260 млн теңгені құрайтын 1 224 ипотекалық кредит;
- жалпы сомасы 18 398 млн теңгені құрайтын 3 858 тұтынушылық кредит;
- жалпы сомасы 1 272 млн теңгені құрайтын 2 550 кепілсіз кредит;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жалпы сомасы 15 548 млн теңгеге 1 256 кредит;
- автокөлік сатып алуға жалпы сомасы 2 883 млн теңгені құрайтын 571 кредит берілді.

01.01.2017 жылғы жай-күйі бойынша кредиттік портфельдің төмендеуінің негізгі себептері:

1. Өтімділіктің жеткіліксіз болуына, кредиттеудің мемлекеттік бағдарламалары бойынша ресурстардың болмауына байланысты 2016 жылдың 1-тоқсанында ЖТ мен ЖК бойынша жаңадан кредит беруді уақытша тоқтату;
2. Ресурстардың қымбаттауына және базалық мөлшерлемелердің өсуіне байланысты 2016 жылдың 1-жартысында кредиттік өнімдер бойынша мөлшерлемелердің жоғары болуына байланысты кредит беру көлемінің азаюы;
3. Көшіру процесіне, қарызды енгізу және ұсыну процесерінде техникалық қателіктердің туындауына байланысты 2016 жылдың наурыз айынан бастап Colvir жүйесін енгізу.

### Кредиттік портфельдің қарқыны



## Заңды тұлғаларға кредит беру


### Заңды тұлғаларға кредит беру

2016 жылы жалпы сомасы 171 679 млн теңгені құрайтын 3 517 қарыз, оның ішінде:

- ірі бизнес бойынша 101 742 млн теңге сомасына 799 қарыз;
- орта бизнес бойынша 24 622 млн теңге сомасына 872 қарыз;
- шағын бизнес бойынша 14 745 млн теңге сомасына 968 қарыз;
- микро-бизнес бойынша 30 569 млн теңге сомасына 878 қарыз берілді.

### Заңды тұлғаларға берілген қарыз

- Ірі бизнес
- Шағын бизнес
- Орта бизнес
- Микро бизнес



## Қазіргі және ықтимал инвесторларға қатысты ақпараттық саясат

Инвесторларға хабарлау Акционерлік қоғамдар туралы заңның 76-бабының және Бағалы қағаздар туралы заңның 102-бабына, сондай-ақ ҚР ҰБ заңды күші бар нормативтік құқықтық актілеріне және Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Банк 2017 жылы келесі инвестициялық бағыттарда қатысу бойынша белсене жұмыс жүргізуде:

- 1) «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-пен және «Даму» КДҚ» АҚ-пен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру;
- 2) Еуропа инвестициялық банкімен бірлесіп, «жасыл экономика» жобаларын дамыту бағдарламасын іске асыру;
- 3) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламалары бойынша Азия Даму банкімен орнатылған ынтымақтастықты кеңейту.

## Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қайта қаржыландыру

15.06.2015 жылы Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін ЦентрКредит Банкінде «Проблемалы кредиттер қоры» АҚ-тың 15,6 млрд теңге мөлшеріндегі салымы орналастырылды.

Осы Бағдарлама аясында 2016 жыл ішінде 8,2 млрд теңге сомасын құрайтын 1 323 өтініш қабылданып, олардың ішінде 6,1 млрд теңге сомасын құрайтын 1 125 өтінім бойынша қайта қаржыландыру мақұлданды және 1 417 (2015 жылы қабылданған өтінімдерді қосқанда) өтінім бойынша 7,3 млрд теңге игерілді.

Бағдарлама басталғаннан кейін 2015-2016 жылдары 15,6 млрд теңгеден 10,6 млрд теңге игерілді.

## Депозиттер

### Депозиттер

#### Жеке тұлғалардың депозиттері:


«Банк ЦентрКредит» АҚ депозиттік портфельдің көлемі бойынша еліміздегі екінші деңгейдегі банктердің арасында алтыншы орынды иеленеді. Депозиттік қаражат нарығындағы нарықтық үлесі 2016 жылдың соңында 7%-ды құрады.

2016 жылдың қорытындысы бойынша депозиттік портфельдің көрсеткіштері 2015 жылдың деңгейінде сақталды, бұл бөлшекті кредит беру қарқыны азайған кезеңде орынды болып табылады. Валюта бойынша портфельдің құрылымы ұлттық валютаның пайдасына 16%-ға өзгерді. 2016 жылы Банк еркін құбылмалы айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалар-

дың ұлттық валютада (теңгемен) ашылған депозиттеріне қатысты өтемақы төлеу бойынша; «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР заңы аясында заңдастыру бойынша; таратылған «Валют Транзит Банк» АҚ-тың салымшыларына кепілдендірілген кепілдік өтемін төлеу бойынша мемлекеттік бағдарламаларды сәтті аяқтады. Соңғы бағдарлама бойынша Банк ҚДКҚ-ның агенті болған.

2015 жылдың ішінде Банк «жеке тұлғалардың депозиттері» өнімі бойынша, оның ішінде жаңа IT платформасын енгізу аясында бизнес-процестердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізді.

#### Депозиттік портфельдің қарқыны



## Халықаралық қатынастар

Халықаралық қатынастарды өзінің дамуының ең маңызды құрама бөлігі ретінде қарастыра отырып, есепті жылы ЦентрКредит Банкі шетелдік қаржы институттарымен, оның ішінде Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) белсенді түрде бірлесіп әрекет етуді жалғастырды.

2016 жылы ЕҚДБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен («Даму») ынтымақтаса отырып, ЦентрКредит Банкіне келесі бағдарламалар аясында екінші транш ұсынды: «Бизнесітегі әйелдер» – қараша айында 1,86 млрд теңге мөлшерінде екінші транш алынды және МШОБ 2 (микро, шағын және орта бизнеске кредит беру) – сондай-ақ қараша айында 6,75 млрд теңге мөлшерінде екінші транш алынды. Барлық қарыздар МШОБ-ға кредит беру саласында ЦентрКредит Банкінің ішкі әлеуетін нығайту мақ-

сатында ЕҚДБ-ның техникалық көмек көрсету бағдарламасымен сүйемелденді.

ЦентрКредит Банкі әлемнің жетекші банктерімен, сондай-ақ ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және алыс шетелдегі қаржы институттарымен орнаған ұзақмерзімді корреспонденттік қатынастарын жалғастырып келеді. Бұл біздің клиенттеріміздің сауда-қаржы операцияларының ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді.

ЦентрКредит Банкінің тұрақты дамуын, тұрақты қаржылық жағдайын және кредитті өтеуге қабілеттілігін халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкінің кредиттік рейтингін Fitch агенттігі «B» деңгейінде, Moody's «B2» және S&P «B» деңгейінде белгіледі.

### 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің рейтингтері:

#### Fitch Ratings агенттігі

Ұзақмерзімді рейтинг	B
Қысқамерзімді рейтинг	B
Қазақстандық ұлттық шкала бойынша рейтинг	BB+(kaz)
Болжам	тұрақты

#### Moody's Investors Service агенттігі

Банктік депозиттер бойынша ұзақмерзімді рейтинг (шетелдік және ұлттық валютамен)	B2
Банктік депозиттер бойынша қысқамерзімді рейтинг (шетелдік және ұлттық валютамен)	NP
Қазақстандық ұлттық шкала бойынша ұзақмерзімді рейтинг	B1.kz
Болжам	жағымсыз

#### Standard & Poor's

Ұзақмерзімді рейтинг	B
Қысқамерзімді рейтинг	B
Қазақстандық ұлттық шкала бойынша рейтинг	kzBB+
Болжам	тұрақты





---

# Түркі халқының ою-өрнектері

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында мешхетін түріктерімен қатар қазіргі Түркияның жергілікті халқынан тұратын 100-ге жуық түрік этносының өкілдері тұрады. Түркі халқының ою-өрнегі табиғатқа етене жақын, онда өсімдік іспеттес өрнектер, әсіресе гүлдердің суреті, соның ішінде қызғалдақтар жиірек пайдаланылады. Алайда кілемдерде өрнек ретінде мұсылмандардың қасиетті кітабынан алынған сөз орамдары жиі қолданылады, сонымен қатар арабтардың өрнегіне жат құбылыс болып табылатын тірі тіршілік иелері – тауыстар мен жұмақ құстары да кездеседі. Түркі халқының ою-өрнектері әсерлі композицияларымен ерекшеленеді. Олардың өрнектерінің ерекше өзгешелігі – қызғалдақтардың, қалампырдың, сүмбіл гүлдерінің кескінін өте ірі етіп салу. Соның ішінде қызғалдақ гүлінің айрықша мәні бар, ол сонау Сүлеймен Сұлтанның заманынан бастау алып, қазіргі Түркияның символына айналды. Қызғалдақтар кілемдерде, кестелерде, киімдерде, ыдыс-аяқтарда және архитектурада жиі кездеседі. Өсімдік сипатындағы өрнектер түс жағынан өте бай декоративтік композицияны құрайды. Өзге елдердің мәдениетімен етене араласқан түркі халықтарының ою-өрнектерінде арабтардың, парсылардың және үнді халықтарының сарыны да кездеседі.

---



## Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар

Шығарылым проспектілеріне сәйкес Банк 2016 жылы негізгі борыш бойынша жалпы сомасы 9,0 млрд теңгені құрайтын 2 облигациялар шығарылымын жоспарлы түрде өтеді. Өтеу айналымдағы облигациялардың номиналды құны бойынша шығарылым проспектілерінде белгіленген мерзімде соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы жүзеге асырылды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ ҚР Ұлттық Банкінің қысқа-мерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокер қызметін көрсетеді.



## Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар

Банк USD/KZT валюталық жұбы бойынша банкаралық сауда-саттықтағы ең белсенді маркет-мейкер бола отырып, валюталық ішкі нарықта көшбасшы орындарды иеленіп келеді. 2016 жылы Thomson Reuters компаниясы Банкті беделді Most Active Desk 2016 марапатына

лайық деп тапты. Банк корпоративтік клиенттермен ынтымақтастық құру нысанын жетілдіруге, технологияларды дамытуға, ішкі және сыртқы нарықтағы валюталық операциялар бойынша қызмет көрсету сапасын арттыруға ерекше назар аударады.



---

# Украин халқының ою-өрнектері

Украин халқының ою-өрнек дәстүрі де сонау көне заманнан бастау алады. Олар әдетте үйлердің қабырғасын, ыдыс-аяқ және басқа да заттарды негіз ретінде пайдаланды. Ою-өрнектер ерекше мінәжат ету мағынасымен пұтқа табынушылық символдарынан тұрды. Украин халқының ою-өрнегінің айқын мысалы – тұмардың рөлін атқаратын жейделерді кестелеп тігу. Оюдың түсі, пішіні, үлгісі, материалы өте маңызды болды және олардың бәрі бірігіп келіп затқа ерекше энергетикалық қуат береді. Кестелеп тігудің суреті дәстүр бойынша өзгерген жоқ. Кестелеп тігу символдары арасында күн мен жұлдыздардың белгілері көптеп кездеседі. «Құдық» – диагональ бойынша айқастырылған қосарлы сызықтар – екі дүние арасындағы байланысты, яғни сумен бірге қуат алған нақты құдықты және ата-бабалардың ілімін білдіреді. Кей кезде «қолдарын бүйірлеріне таяған козактар» атты адам тәріздес түрде кездесетін айқыш-ұйқыш «арқардың мүйіздері» құнарлылық жазбаларын білдіреді, ал шексіздік белгісінің жартысы сияқты көрінетін «сужылан» құнарлы жаңбырмен жерге түсетін ауыр судың символы болып табылады. Украин халқының ою-өрнектерінің барлық элементтері графикалық өзгешелігімен геометриялық фигураларға айналдырылған. Украинаның әрбір өңірінде кестелеп тігудің өзіндік қайталанбас ерекшелігі болды.

---

## Кастодиандық қызмет

### Кастодиан – ЦентрКредит Банкі клиенттерінің активтері:

Кастодиандық қызмет аясында ЦентрКредит Банкі клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау бойынша қызмет көрсетеді, сонымен қатар қазақстандық әрі шетелдік нарықта кастодиандық сақтауға берілген активтер бойынша көшбасшы орындарды иеленеді.

Клиенттер	2014 жыл, млн теңге	2015 жыл, млн теңге	2016 жыл, млн теңге
Инвестициялық қорлар	390 797	409 824	463 002
Заңды тұлғалар	201 219	304 851	347 221
Барлығы	592 016	714 675	810 223

## Ақша аудару операциялары

### Ақша аудару операциялары

#### «Contact»

ЦентрКредит Банкі 2001 жылғы шілде айынан бастап «Contact» ақша аударымдары жүйесі арқылы операцияларды жүзеге асырады. «Contact» жүйесі банктік есепшот ашпай-ақ, жеке тұлғаларға ТМД және алыс шет елдерге АҚШ долларымен, EURO-мен және Ресей рублімен ақша аударуға мүмкіндік береді. Кейбір елдерде «Contact» жүйесі бойынша аударылған ақшаны мекенжай көрсетілмесе де төлеу мүмкіндігі көзделген. Жүйе ақша қаражатын банктік есепшотқа, мобильді әмиянға есептеу арқылы ақша аударымын төлеуге мүмкіндік береді. 2010 жылдан бастап «Contact» жүйесінде жеке тұлғалардың төлемдерін есепшот ашпай-ақ, «Contact» жүйесімен шарттық қарым-қатынас орнатқан заңды тұлғалардың, операторлардың және провайдерлердің пайдасына қабылдау бойынша қызмет көрсетіледі.

### Western Union

ЦентрКредит Банкі WesternUnion халықаралық компаниясының Орта Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және 1998 жылдан бастап жеке тұлғаларға халықаралық ақша аудару қызметін ұсынып келеді. ЦентрКредит Банкі WesternUnion жүйесі бойынша жеке тұлғалар арасындағы ақша аударымдарымен қатар QuickPay (WesternUnion жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жасайтын төлемдер) және QuickCash (жеке тұлғалардың пайдасына заңды тұлғалар жасайтын төлемдер) төлемдерін қабылдайды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкінің агенттік желісі 739 қызмет көрсету орнынан тұрады. АТФ Банк, Forte Bank, Цеснабанк, Сбербанк, Банк ВТБ (Қазақстан), DeltaBank, Астана Банкі, Tengri Bank (Дана Банк), Капитал Банк, KassaNova Банкі, BankRBK, Qazaq Bankі сияқты қазақстандық 12 банк ЦентрКредит Банкінің субөкілдері болып табылады.





---

# Күрд халқының ою-өрнектері

Бүгінгі таңда Қазақстанда өздерінің ұлттық дәстүрі мен мәдениетін сақтап қалған күрд халқының 40 мыңнан астам өкілдері тұрады. Күрд халқы өте ерте заманнан өзінің кілем тоқу қолөнерімен бүкіл Таяу Шығысқа танымал болған. Күрд халқының кілемдері геометриялық, сондай-ақ өсімдік сипатындағы өрнектермен көркемделіп, өте қанық түсті болып келеді. Кілем өрнектерінде күрд халықтарының діни топтарының бірі езидтердің діни символы – тауыстың, өткен заманда күрдтердің дәстүрлі кәсібі болған мал шарушалығының символы – мүйіздің, кілем өнерінің символы – өрмекшінің суреті жиі кездеседі. Әдетте түкті және түксіз кілемдердің ортаңғы бөлігіне қайталанып келетін ірі медальондармен әшекейлене көмкерілген өрнек салынған, сонымен бірге алаша тәрізді жолақ кілемдер де жиі кездеседі. Күрд кілемдерінің өрнектері асимметриялы бояулармен үйлесе келіп, суреттері симметриялы болып келеді. Ұлттық кілемдерінің өрнектері табиғатты, тауларды, жазық даланы, жануарлар мен өсімдіктер әлемін суреттейді. Ең маңызды символ – күн. Бұрынғы заманда адам күн арқылы құдаймен байланыста болады деген ұғым болған. Қыран құстың суреті бостандықтың белгісін білдіреді және көне мидий өркениетімен байланысты көрсетеді

---

## Жедел аударымдар

«BCC Express» экспресс аударымы – ЦКБ-нің жеке өнімі, ол 2000 жылдың шілде айынан бастап сәтті қызмет етіп келеді. «BCC Express» жүйесі есепшот ашпай-ақ, жеке тұлғалардың Қазақстан бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жүйенің бірегей артықшылығы: интернет-технологияны және ЦКБ-нің корпоративтік желісін пайдалану есебінен ақша аударымын жоғары жылдамдықпен жеткізу. 2016 жылы жүйенің нарықта танымалдығын арттыру мақсатында

Банк осы ақша аудару жүйесіне ребрендинг жүргізді. Қазіргі кезде «BCC Express» жүйесінің жаңа имиджі мен бейнесі аталған ақша аудару жүйесінің сәтті дамуына мүмкіндік береді. 2016 жылы жеке тұлғалардың «BCC Express» жүйесі бойынша Қазақстан Республикасы аумағында жасалған ақша аударымдарының көлемі 2,0 млрд теңгеден асты. Осы жүйе бойынша 2016 жылы барлығы 23 мың ақша аударымы жүргізілді.

## Жедел түсім

### Жедел түсім

ЦентрКредит Банкі ұсынатын «Жедел түсім» қызметі осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша түскен ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ келіп түсетін төлемдер туралы нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді. 2013 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша төлемдерді қабылдайтын өзіне-өзі қызмет көрсету арналары кеңейтілді. Атап айтқанда, StarBanking жүйесінде және терминалдарда

заңды тұлғалардың қызметтері үшін есепшоттан ақша қаражатын аудару немесе қолма-қол ақша салу арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін қызмет іске қосылды. Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 2 500-ден астам заңды тұлға пайдаланады. 2016 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 2,4 миллионнан астам төлем қабылданып, заңды тұлғалардың есепшоттарына 96 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.



---

# Еврей халқының ою-өрнектері

Еврей халқының қолданбалы өнерінің көркемдік құндылығымен қатар терең рухани-діни мәні болды. Зооморфтық, өсімдік іспеттес өрнектер еврейлердің ата-бабаларының жері туралы еске салады: еврейлер үшін дәстүрлі болып табылатын жүзім сабағы, пальма бұтақтары, лотос гүлдері, ағаштың суреттері декоративтік сипатта ғана емес, сонымен бірге символдық белгілер – тіршілік және білім ағаштарын білдіреді. Бәріне танымал символ – екі тең қабырғалы бір-біріне салынған үшбұрыштан тұратын алтыбұрышты жұлдыз. Ол табиғаттың 4 күшін кейіптейді: жоғарыға қараған үшбұрыш от пен ауаны, төменге қараған үшбұрыш су мен жерді білдіреді. Аңыз бойынша бұл белгі Давид патшаның әскерінің қалқандарына салынған. Ою-өрнектерде кездесетін пальма бұтақтарының тармақтары еврейлердің символикасында Лулав деп аталады. Данышпандар Лулавты дүниенің түрлі бөлігіндегі еврей халқының бірлігін білдіреді деп есептейді. Жерден өсіп шыққан нан – рухани өсу мен сенімнің, берекенің, өсиетті (парызды) орындағаны үшін ұсынылатын сыйдың символын білдіреді. Адамның Құдайға қызмет етуі – диқаншының еңбегімен бірдей. Бидай – адамның қаны мен тәніне айналатын негізгі тағамы, Құдайға қызмет етуді білдіреді. Шарап пен жүзім – Құдайдың берген берекесінің, танымының, жомарттығының белгісі. Сонымен қатар жүзім кең тараған ұрпақтың белгісі болып табылады.

---

## Карточкалық бизнес

01.01.17 жылғы жай-күйі бойынша айналымдағы карталардың саны 1 054 130 данаға тең болды. Осы көрсеткіш бойынша банктің нарықтық үлесі 6,3%-дан 6,7%-ға артты. Портфельде Electron карталарының үлесі кеміп, Classic деңгейінің карталары, сонымен қатар премиум сегментіндегі карталардың үлесі артты. Gold карталарының үлесі 2,2%-ға артты.

Карт-шоттардағы қалдықтардың орташа айлық көлемі 30,4%-ға артты. ЦКБ-нің карталары бойынша өткен жылы жүргізілген транзакциялар көлемі 506,6 млрд

теңгеге жетті. Қолма-қолсыз транзакциялар көлемі айтарлықтай өсіп, оның үлесі 13,6%-дан 15,4%-ға дейін артты.

StarBanking жүйесінде тіркелген клиенттердің саны 463 мың клиентке жетті. Жүйеде жүргізілген операциялар саны 1,5 млрд-тан асты.

Операторлық орталық 1 миллионнан астам қоңырауларды өңдеді, олардың жартысы – Авторизациялау орталығына арналған қоңыраулар.

Ағымдағы жылы банк «Эйр Астана» АҚ-пен бірге жаңа өнім – Nomad Club ко-брендингтік картасын шығарды. Клиенттер үшін Visa Platinum және Visa Gold кредиттік және дебеттік карталары да қолжетімді болды. Карта бонустық ұпайларды жинап, оларды «Эйр Астана» әуе-компаниясының барлық рейстері бойынша тегін ұшуға және көрсетілген қызмет санатын жоғары санатқа ауыстыруға мүмкіндік береді.

Алматы қалалық филиалының екі бөлімшесінде заңды тұлғалар ағымдағы есепшоттарын корпоративтік кар-

таның көмегімен Автоматтандырылған депозиттік машиналар арқылы толықтыру мүмкіндігіне ие болды.

2017 жылы банк қызмет көрсету спектрін арттыруды, атап айтқанда UnionPay халықаралық төлем жүйесінің карталарын шығаруды жалғастыруды жоспарлап отыр, ал сауда-сервис кәсіпорындарына мобильді POS-терминалдарды қолдану қызметі ұсынылады.





---

# Әзірбайжан халқының ою-өрнектері

Әзірбайжан халқының «фирмалық белгілерінің» бірі – анар, ол молшылық пен байлықты білдіреді. Бұл анар ағаштарының жыл бойы жеміс беруімен және анар ағашының құнарсыз жерде де өсіп шығуымен байланысты. Әзірбайжанда анардың барлық түрлері өседі. Анар туралы өлеңдер шығарып, тақпақтар оқылады. Сондықтан да анардың дәндері мен жемістерін ою-өрнек ретінде пайдалануы ғажап емес. «Тебриз» және «ширван» кілемдерінің ең сүйікті иконографиялық өрнектерінің бірі – жарылған анар, бұл кілем тоқушының асқан шеберлігін көрсетеді. Сонымен бірге әзірбайжан халқының ою-өрнектерінде геометриялық сарын – сегізбұрышты жұлдыздар, ислам дінінің белгісі – михраб, бояуларға толы өсімдік пен жануарлар әлемі де кездеседі. Ең маңызды элемент – көне «Бута». Бұл жоғарғы жағы сүйірленіп майысқан бадам дәні тәрізді өрнек. Әзірбайжанның, Үндістанның және Иранның аумағында отқа табынушы зороастризм ғұрпы өркендеп тұрған бағзы заманнан келе жатқан молшылық пен берекеліктің символын білдіреді. Бутамен кілемдерді, үйлену той киімдерін, шахтардың тәждерін, ғимараттарды, тұрмыс заттарын, сондай-ақ ресми басылымдарды да өрнектейді.

---

# Қызметкерлер

## Қызметкерлер туралы жалпы мәлімет

31.12.2016 жылғы жай-күйі бойынша Банк қызметкерлерінің нақты саны 3 637 қызметкерді құрады, оның ішінде Банктің Бас офисінде 893, филиалдық желісінде 2 744 қызметкер еңбек етеді. Қызметкерлердің орташа жасы – 34 жас.

## Қызметкерлерді іріктеу, бағалау және ілгерілету

Жас мамандарды өсіру жобасын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарымен жұмыс істеу жолға қойылып отыр.

Тәжірибе жинақтау үшін 2016 жылы Бас офисте және өңірлерде 315 студент диплом алдындағы тәжірибеден өтіп, олардың ішінен жас мамандардың кадрлық резерві құрылды.

Банктің стратегиясын жүзеге асыру аясында Банк қызметкерлерінің мансабын көтеру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

2016 жылы қызметкерлерге жеке бағалау жүргізілді, оған 2 711 қызметкер қатысты, ол Банк қызметкер-

лерінің жалпы санының 75,6% құрады. Жүргізілген жеке бағалаудың нәтижесінде 775 жоғарынәтижелі, дарынды және тірек қызметкерлер анықталды. Мәртебелі қызметкерлерді ынталандыру мақсатында жеке үстемеақы белгілеуді, медициналық сақтандыру бағдарламасын көтеруді қамтитын өтемақы топтамасы белгіленген, мансабын көтеру, лауазымға ауыстыру және оқыту кезінде бұл қызметкерлер басым құқыққа ие болады.

2016 жылы Банктің қолданыстағы ынталандыру бағдарламасы қызметкерлердің бейілділік индексінің артуына әсер етті, ол барлық жүйе бойынша 4,2 балды құрады.

Банктің өз қызметкерлерін әлеуметтік қорғау саясаты қызметкерлердің бейілділігін арттыруға және олардың тұрақтамауын азайтуға ықпал жасап отыр. Банк қызметкерлеріне ерікті медициналық сақтандыру аясында ұсынылатын әлеуметтік топтама жыл сайын жақсарту жағына қарай қайта қаралады. Әлеуметтік топтама жұмыс беруші мен қызметкер арасында тиімді қарым-қатынас құруда қосымша құрал болып табылады.

## Оқыту және дамыту

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында 2016 жылы әртүрлі бағдарлама бойынша 2 643 маман оқытылды.

Стратегиялық инвестормен бірге Kookmin Bank (Корея, Сеул) Корпоративтік оқу орталығында Банктің 23 қызметкеріне кредиттеу, электрондық қаржыландыру және карточкалық бизнес мәселелері бойынша екіапталық оқу жүргізілді.

ЕҚДБ жобасының аясында филиалдардың қызметкерлеріне арналған 5 кешенді семинар ұйымдастырылып, өткізілді, оқуға 111 қызметкер қатысты.

Банктің ішкі тренерлері клиентке бағытталған сервис, қызмет көрсету сапасының стандарттары, сатылымдар техникасы, тиімді коммуникациялар, жанжалды басқару және т.б. бойынша 15 тренинг өткізіп, өңірлердің 330 қызметкері оқытылды.

Қазақстан Республикасы аумағында және таяу шетелде қашықтан оқыту аясында 97 қызметкер оқытылып, арнайы сертификатқа ие болды.

2016 жылы БО-ның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері өңірлердің қызметкерлерін қашықтан оқыту нысанын белсенді түрде пайдаланды. Есепті кезең ішінде 24 вебинар өткізіліп, 2 082 қызметкер оқытылды.

Қашықтан оқытуға арналған 25 курс әзірленді және актуализацияланды, қызметтің сәйкес бағыттары бойынша Банк қызметкерлеріне әртүрлі тақырыпта 11 510 курс тағайындалды.

## Корпоративтік мәдениет

Ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыру үшін келесі корпоративтік іс-шаралар өткізіледі:

- Банк қызметкерлерін жеткен жетістіктері мен жұмыс нәтижесі үшін Банк басшылығы атынан грамоталармен және алғысхаттармен марапаттау;
- Банктің сыртқы сайтына жоғарынәтижелі, дарынды және тірек қызметкерлердің тізімін және оларды мәртебеге ие болуымен құттықтау орналастыру;
- қызметкерлерді мемлекеттік марапат алуға ұсыну;
- корпоративтік мерекелерді (Банктің туған күні, «Наурыз», «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні», «Ұлттық валюта күні», «Жаңа жыл» және т.б.) өткізу;
- Қаржы тобының «Наш Вестник» корпоративтік басылымын шығару;
- Әрбір қызметкерді туған күнімен электронды түрде құттықтау;
- тимбилдинг, қайырымдылық іс-шараларын өткізу;
- Банкаралық турнирлерге қатысу;
- Қызметкерлерді құрметті демалысына салтанатты түрде шығарып салу.

## Аударма жасау

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы заңының, ономастика мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінің талаптарын сақтау мақсатында Банк клиенттерге банктің өнімдері мен қызметтері туралы қажетті ақпараттың қазақ тілінің грамматикалық және стилистикалық нормаларына және бекітілген терминологияға сәйкес берілуіне ерекше назар аудара отырып, ішкі және сыртқы құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Аударма басқармасы стратегиялық серіктестер – Қазақстанның ЦентрКредит Банкі мен Кореяның Кукмин Банкі арасындағы көпір іспеттес, Банктің шетелдік серіктестерімен байланыстырушы

буын ретінде қызмет етіп, түрлі материалдар мен Банктің күнделікті жұмысы барысындағы кездесулерді ағылшын және корей тілдеріне аударуды қамтамасыз етеді, Банктің алқалы органдарының мәжілістерін синхронды түрде аударуды жүзеге асырады. 2016 жыл ішінде Аударма басқармасы жазбаша аударуға берілген 28 мыңға жуық өтінімді орындады, оның ішінде қазақ тілі бойынша 14,5 мың, ағылшын тілі бойынша 7,9 мың және корей тілі бойынша 5,5 мың өтінім бойынша аударма жасалды. Банктің алқалы органдарының барлық мәжілістері тиісті дәрежеде синхронды түрде аударылды. Мәжілістерді синхронды аудару сапасының орташа бағасы жауапты хатшылардан алған пікіртерім бойынша ең жоғары 5 балды құрады.

## Ақпараттық технологиялар

2013 жылы қабылданған стратегиялық шешімнің және ақпараттық технологиялар жөніндегі стратегияны іске асыру жоспарының аясында Банк 2016 жығы наурызда Colvir Banking System өндірістік банктік автоматтандырылған жүйесін (бұдан кейін – БАЖ) енгізді, ол клиенттік операциялар жүргізу қауіпсіздігінің жоғары деңгейін сақтай отырып, барынша қысқа мерзімде нарыққа жаңа өнімдер мен қызметтерді шығаруға мүмкіндік береді. Іс жүзінде Банктің барлық қызметін қамтитын 74 модуль мен опция енгізілді.

2016 жылы IT тобы Банктің ағымдағы операциялық қызметін дамытуға және қолдауға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүргізді.

### IT тобының қолдауымен төмендегідей бірқатар бизнес-жобалар жүзеге асырылды:

- Сатылымдарды арттыру және ЦентрКредит Банкі брендінің әсерін күшейту мақсатында «Air Astana» АҚ-пен бірлескен жоба іске асырылды.
- Жалақы жобасы бойынша жаппай скоринг компания қызметкерлерінің төлем жасауға қабілеттілігін бағалау уақыт ресурстарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.
- «StarBanking» жүйесі веб-серверінің үзіліссіз орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүйе жүктеменің бағдарламалық теңгерушісі арқылы қосылған, ол клиенттерге бірнеше сервер қызмет көрсететін жүйеге кірудің бірыңғай нүктесін ұсынады.
- Қолма-қол ақшамен жұмыс істеген кезде ыңғайлы болу үшін қанатқақты режимде заңды тұлғаларға арналған автоматты депозиттік машина енгізілді.
- Клиенттердің төлем құжаттарын өңдеген кезде жұмыс уақытын қысқарту мақсатында банктің автоматтандырылған жүйесінде MT100, 102, 103 форматтарын автоматты түрде тану және жүктеу жобасы іске асырылды.
- Өнімдер қатарын кеңейту мақсатында келесі жобалар іске асырылды: 5 000 теңге мөлшеріндегі ең аз сомамен ашылатын жаңа «Чемпион» депозиті, Өңірлік қаржыландыру бағдарламасы бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) қаражатының есебінен жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға арналған кредит желісі, «Даму Оптима» кепілдік беру бағдарламасы, Еуропалық қайта құру және даму банкі бағдарламасы бойынша әйелдер кәсіпкерлігі жаңа өнімін жасау, заңды және жеке кәсіпкерлерге кредит беру бойынша Қазақстан даму банкі бағдарламасының аясында қарыз беру, кредиттеу лимитін, кредит желісін беру, айналымдағы қаражаттарды толықтыру, кепілсіз кредиттерге арналған жеке тұлғалардың міннез-құлық скорингі және кепілді скоринг енгізу.
- Call Center қызметіне хабарласа алу мүмкіндігін арттыру мақсатында бірыңғай виртуалды нөмір (259-78-78) іске қосылды.

**Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестендіру мақсатында келесі жобалар іске асырылды:**

- Екінші деңгейдегі банктермен төлемдік талап-тапсырмалармен (бұдан кейін – ТТТ) электронды түрде алмасу, ол ТТТ қабылдап алу және өңдеу бойынша операциялық шығыстарды едәуір қысқартуға мүмкіндік берді.
- Қаржылық мониторинг бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуге, инкассалық өкімдерді және т.б. орындауға бағытталған талаптар пулы.
- Бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік бойынша 20 реттеуші есеп автоматтандырылды.

**IT тобы 2016 жылы жеке және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған төмендегідей бірқатар техникалық жобаларды жүзеге асырды:**

- Colvir БАЖ-дың процессинг орталығын жоспарлы және жоспардан тыс жаңарту.
- Help Desk нұсқаларын SmartCloud Control Desk 7.5.x деңгейіне дейін жаңарту.

- Бас офисте құжаттарды принтерден басып шығару бойынша аутсорсинг қызметінің жаңа провайдерлеріне өту.
- Банктің POS-терминалдарында Unipos бірыңғай бағдарламалық қамсыздандыруына өту.
- Swift төлемдеріне арналған жеке шағын желілерді ұйымдастыруға қатысты қорғау шараларын іске асыру, Swift жүйесінде жұмыс істеуге арналған жеке жұмыс стансаларын бөлу.
- POS-терминалдарда кілттерді серпінді ауыстыру.
- POS-терминалдарды, банкоматтарды/ақпараттық-төлемдік терминалдарды конфигурациялау саясатын құру және бекіту.
- PCI DSS талаптарына сәйкес келтіру мақсатында сертификаттауға әзірлеу аясында ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар тізбесін жүзеге асыру, ол аталған төлем карталарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Банктің кешенді тәсілді қабылдауын және іске асыруын білдіреді.

**Қолданыстағы процестерді оңтайландыру бойынша:**

- Провизия есептеу, сыйақы есептеу және шоғырландыру, жалақы есептеу және т.б. бойынша уақытты едәуір қысқарту.
- Оқыс оқиғаларға шапшаң ден қою мақсатында IT басқару комитетінің шешімімен Банктің негізгі бизнес-процестері мен IT жүйесіне мониторинг жүргізу бойынша біріздендірілген жүйе құру жобасы мақұлданды.
- IT басқару комитеті шешімімен қолма-қол ақша қаражатын тең дәрежеде басқару мақсатында Cash Management қанатқақты жобасы мақұлданды.
- Банктің комиссиялық кірісін арттыру мақсатында IT басқару комитетінің шешімімен «ЖТЖ бойынша жеке тұлғалардың төлемдерін қабылдау жөнінен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен ынтымақтасу» (ТҚЖБ кредиттерін өтеуге/депозиттерін толтыруға төлемдер қабылдау) жобасы мақұлданды.

- Кассаларды жабу және таспалық калькулятор қызметін іске асыру арқылы таспалық калькуляторлар сатып алуға жұмсалатын шығыстарды қысқарту процесін оңтайландыру.
- Реттеуші есептілікті уақытылы құру мақсатында Мәліметтердің бірыңғай корпоративтік қоймасына (бұдан кейін – МБКҚ) деректерді жүктеу процесін оңтайландыру.

2016 жылы Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын жаңартуға және күшейтуге жұмсалған инвестиция 3,55 млрд теңгені құрады.





---

# Орыс халқының ою-өрнектері

Орыс халқының ою-өрнегі әлемдік көркем мәдениеттің ең қызықты құбылыстарының бірі болып табылады. Ою-өрнектің негізгі түрлері – өсімдік сипаттағы, зооморфтық, геометриялық фигуралар. Гүлдер, бұтақтар, жүзімнің сабағы сияқты сарындар маңызды рөл атқарды. Адамзат бүкіл әлем туралы өзінің түсінігін шартты белгілермен белгілеп отырды. Бір-біріне қараған ромбылар – сәтті аңшылықтың, табыстың белгісі, өмірдің, құнарлылықтың белгісі. Толқынды көлденең сызықтар суды, көлденең сызықтар жерді, қисық сызықтар жаңбырды білдіреді. Сызықтар арасындағы нүктелер жерге отырғызылған дәнді білдіреді. Көне славяндықтардың дәуірінен жеткен көптеген символдар тұмардың рөлін атқарды. Ресейдің әр аймағындағы ою-өрнектер өзінің қайталанбас белгілерімен ерекшеленеді. Солтүстік өңірдің ою-өрнектерінде көбінесе шыршалар, мүкжидектер, қар ұшқыны, балықтар, бұғылар суреттеледі. Түстері қарапайым әрі жұмсақ болып келеді: ақ, көгілдір, жасыл, алтын түстес. Орталық өңірдің ою-өрнектерінде әдемі гүлдер, тырмалар, күн, құстар, кейде қызыл, көк, сары, қара, жасыл түстерді үйлестіре отырып, жолбарыстар мен барыстар бейнеленеді.

---

## Банктің өткізу желісі

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өткізу желісі 2017 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 19 филиалдан және олардың 103 құрылымдық бөлімшесінен тұрады.



Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларында Банктің филиалдары бар. Жалпы алғанда, филиалдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша 37 елді мекенде орналасқан. Біздің құрылымдық бөлімшелеріміз банк қызметінің толық спектрін көрсетеді.

Өткізу желісінің тиімділігін арттырудың тірек факторы – қазіргі клиенттермен арадағы қарым-қатынасты нығайту, әлеуетті жаңа клиенттерді тарту, сонымен қатар қашықтан көрсетілетін қызметтерді дамыту.

Бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін клиенттердің үміті мен жұмыс процесін тиімді ұйымдастыру арасындағы теңгерімді қолдау жөнінен кешенді жұмыс жүргізіледі. Ұсынылатын қызметтердің сапасына біз үнемі мониторинг жүргізіп отырамыз.

Қазіргі кезде құрылымдық бөлімшелер банк өнімдерін ұсыну және клиенттерге қызмет көрсету бойынша басым арна болып табылады. 2016 жылы Банк Басқармасы 2017 жылғы басты спорттық оқиға болған және Алматы қаласында өткізілген 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиадаға қатысу аясында «Атлетикалық ауыл» тұрғын үй кешенінде Алматы қалалық филиалының №24 ЖҚО ашуды мақұлдады.

## Есеп айырысу орталығы

2014 жылғы 25 тамызда Басқарма Операциялық қызметтің есебін жүргізу және қолдау департаментінің құрамында клиенттердің төлемдерін өңдейтін Есеп айырысу орталығын құру туралы шешім (Басқарманың 25.08.2014 жылғы №501 шешімі) қабылдады. 2015 жылғы 03 тамызда Есеп айырысу орталығы Бас офистің жеке бөлімшесі ретінде бөлініп шықты.

Есеп айырысу орталығын құрудағы басты мақсат – операциялық тәуекелдерді азайту, шығыстарды оңтайландыру мақсатында, оның ішінде процестерді автоматтандыру, Фронт-офис қызметкерлерінің жұмыс уақытын азайту арқылы бэк-офистік процестерді орталықтандыру.

### Есеп айырысу орталығында 2016 жылы келесі өңдеулер бірорталықтандырылды:

- Банктің барлық жүйесі бойынша клиенттердің теңгемен қағаз тасымалдауышта жасалған төлемдік тапсырмалары. Есепті жылы 581 733 төлем өңделді.
- Банктің бүкіл жүйесі бойынша ИБЖ арқылы жүргізілген төлемдер, 175 483 тәуекелді төлем өңделді;
- Алматы және Астана қалаларындағы филиалдардың клиенттерінің шетел валютасымен жасалған

ақша аударымдары, 14 112 валюталық ақша аударымы өңделді;

- Банктің барлық жүйесі бойынша төлемдік талаптар мен инкассолық өкімдер. 292 428 ТТ, қағаз тасымалдауышта 9 397 ИӨ, Салық органымен электрондық бірлесіп әрекет ету жүйесі бойынша 73 830 ИӨ қабылданды.

2016 жылғы наурызда Есеп айырысу орталығында АBBYY Flexi Capture бағдарламалық қамсыздандыруын орнату туралы Bitcom Softwear ЖШС-мен шарт жасалды, ол қағаз бетінде жасалған құжаттардан ақпаратты алып, оларды Банктің БААЖ сақтауға мүмкіндік береді, бұл кезде БААЖ-да төлемдік тапсырмалардың деректері анықтамалардағы деректермен автоматты түрде салыстырылып тексеріледі. Аталған бағдарламалық қамсыздандыруды енгізу аз қызметкерлер санымен «адам факторы» тәуекелдерін азайта отырып, қағаз тасымалдауыштағы төлемдерді орталықтандыруға мүмкіндік берді. 2016 жылы филиалдардың МТ 100, МТ 102 форматтарындағы барлық төлемдері, Астана қаласындағы филиалдың және Алматы қалалық филиалының МТ 103 форматындағы төлемдері өңделіп, АBBYY бағдарламалық қамсыздандыруына аударылады.

## «BCC INVEST» АҚ

### «BCC INVEST» АҚ

«BCC Invest» АҚ – Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, заңды түрде бекітілген барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алған. «BCC Invest» АҚ «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы болып табылады.

**Компания бағалы қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін көрсетеді:**

- Брокерлік қызмет және номиналды ұстаушы қызметі;
- Маркет-мейкер қызметі;
- Облигация ұстаушылардың өкілі қызметі;
- Андеррайтинг қызметі;
- Корпоративтік қаржыландыру және қаржы консалтингі;
- Инвестициялық банкинг;
- Салықты жоспарлау;
- Инвестициялық портфельді басқару;
- Аналитикалық қолдау көрсету.

Соңғы 3 жылда жиынтық активтері 3,3 млрд теңгеден 12 млрд теңгеге дейін (264%-ға) өсті, пайдасы 4,9 есе өсті, компания нарық көшбасшыларының үштігіне кірді және соңғы 3 жылда облигация ұстаушылардың өкілі қызметі, маркет-мейкер қызметі және сенімді басқару қызметі бойынша брокерлік нарықта тұрақты түрде көшбасшы орынды иеленді. Соңғы үш жылда комиссиялық кірісі 101%-ға өсті.

**Компанияның 2016 жылғы негізгі жетістіктері:**

- Компания KASE-дегі белсенділік рэнкингі (нарықтық үлесі) бойынша көшбасшы орынға ие болып, облигациялар нарығында 1-ші орынды (нарықтағы үлесі – 20,9%), РЕПО нарығында 2-ші орынды (нарықтағы үлесі – 10,01%) және Инвестициялық пай қорлары (ИПК) арасында активтерді басқару бойынша 2-орынды (нарықтағы үлесі – 11,64%) иеленді;
- Компания брокерлік қызметтен алынған комиссиялық кірісі бойынша брокерлік компаниялар арасында көшбасшы болып табылады. Активтерінің мөлшері бойынша сектордағы үлесі 7,45%-дан 11,67%-ға дейін өсті, капиталының мөлшері бойынша нарықтағы үлесі 5,83%-дан 9,66%-ға дейін өсті;

- Облигация ұстаушылардың өкілі (ОҰӨ) болу қызметін көрсету бойынша компания 33% (61 шығарылым бойынша 21 эмитент) нарықтық үлесімен көшбасшы орнын сақтап қалды. Маркет-мейкер қызметі бойынша компанияның үлесі – 13% (2-орын);
- «BCC Invest» АҚ 2016 жылы «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігінің А++ ең жоғарғы сенімділік рейтингін иеленген бірінші және жеке-дара инвестициялық компания болып табылады.
- 2016 жылы Компания «Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы» және «Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл маркет-мейкері» номинацияларымен бағалы қағаздар нарығына қатысушылар арасында бірінші орынды иеленді.
- «Парасатты баланс» Инвестициялық пай қорының үлесі 12%-ды құрайды, «Парасатты баланс» Инвестициялық аралық пай қоры (ИАПҚ) ашылған инвестициялық пай қорларының арасында активтерінің мөлшері бойынша 2-орынды иеленеді.

#### Қаржылық көрсеткіштері:

1. Таза пайдасы – 1 036 452 мың теңге.
2. Активтері – 11 851 582 мың теңге.
3. Меншікті капиталы – 8 249 396 мың теңге.

## «ВСС – ОУСА» ЖШС

### ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы – «ВСС – ОУСА» ЖШС

2013 жылғы 21 тамызда «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы «ВСС – ОУСА» ЖШС құрылды. «ВСС – ОУСА» ЖШС – күмәнді және үмітсіз активтерді басқаратын ұйым. Ұйымның мақсаты – мемлекеттік бағдарламалар аясында ірі бизнесті сауықтыру және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тан сатып алынған проблемалы кредиттер бойынша активтерді жақсарту.

#### «ВСС – ОУСА» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары:

- бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу;
- бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілерге меншік құқықтарын сатып алу;
- құрылысқа, құрылысты аяқтауға және (немесе) жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға енгізуге бағытталған қызметті жүзеге асыру;
- кепіл ретінде қабылданған жағдайда, заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу;
- жылжымайтын мүлікті жалға беру;
- бас банктің меншігіне өткен жылжымалы мүлікті сатып алу;
- қарыз беру;
- күдікті және үмітсіз активтерді қаржылық лизингке, жалға, сенімгерлікпен басқаруға немесе мүлікті ақылы және уақытша пайдаланудың басқа нысанына тапсыру;
- күдікті және үмітсіз активтердің сапасын жақсартуға бағытталған қызметті жүргізу, оның ішінде үшінші тұлғалардан жер телімдерін және (немесе) аяқталмаған құрылысты сатып алу;
- мүлікке және (немесе) мүліктік кешенге байланысты тауарларды, жұмыс пен қызметтерді (оған қоса қызметтік лицензия берілген түрлерін) өндіру және іске асыру;

«ВСС – ОУСА» ЖШС-ның стратегиялық міндеттері:

- бас банктің кредиттік портфелін жақсарту;
- проблемалы активтерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;
- мониторинг жүргізуді күшейту;
- берешектің ақша қаражаты түрінде барынша толық қайтарылуын қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілгендердің ішінен САБҰ Банкке кредиттік портфелінің сапасын жақсарту бойынша үлкен көмек көрсететінін, сонымен қатар Банкке бас банктегі жұмыс істемейтін қарыздардан кіріс алу мүмкіндігін беретінін атап өту қажет.

Қазіргі кезде САБҰ портфелі бас банк тапсырған жаңа жобалармен толықтырылып отыр. Оң нәтиже беретін іс-шаралар жоспары мен бизнес-жоспарларға сәйкес олармен белсенді жұмыс жүргізілуде.





---

# Армян халқының ою-өрнектері

Армян ою-өрнектерінің тарихы сонау көне заманнан бастау алады. Бастапқы сатыда онда геометриялық, өсімдік тектес, аң мүсіндерінің өрнектері және басқа өрнектер (аспан денелері, архитектуралық құрылымдар) басымырақ болған. Тағы бір кең жайылған символдардың бірі ежелгі армян сенімі бойынша жарықпен, содан соң күнмен және жұлдыздармен теңестірілген Жаратушының символы болып табылады. Бұл символдар – крест және крест тәрізді белгілер. Тағы бір танымал символдардың бірі вишап – айдаһар. Армян ою-өрнегінің түпкілікті ерекшелігі – онда бір нәрсенің бейнесі нақты көрсетілмейді, тек символдары ғана бейнеленеді. Маңызды символдардың бірі – күн бейнесі. Күнді сүйетін Арменияда оны «аревахач» деп атайды, армян тілінен аударғанда дөңгелек, бұрама тәрізді, алты немесе сегіз нұры бар – «шуақты крест» деген мағынаны білдіреді. Аревахач өмір, жаратылыс және от символын бейнелейді. Аревахачтың нұры қай жаққа – оңға немесе солға бағытталғанына байланысты қозғалысты не тыныштықты білдіруі мүмкін. Ерте заманнан бері армяндар бұл символды тұмарлардың ішіндегі ең қуатты тұмар деп есептеп, оны сәбидің бесігіне өрнектеген.

---

## Тәуелсіз аудиторлардың есебі

### «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне

#### Пікір

Біз «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес компанияларының («Топ») осы құжатта көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Бұл есептіліктің құрамына банктің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есеп, өзге жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есеп, капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және 2016 жылғы жай-күйі бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларына жүргізілген шолу мен шоғырландырылған есепке қатысты ескертулер кірді.

Біздің ойымызша, ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық маңызды аспектілер тұрғысынан Топтың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның 2016 жылғы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижесі мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын шынайы сипаттайды.

### Пікір білдіру негізі

Біз Аудиттің халықаралық стандарттары («АХС») негізінде аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз қорытындымыздың «Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша аудиторлардың жауапкершілігі» тарауында көрсетілген. Біз Бухгалтерлер этикасының халықаралық стандарттары бойынша кеңесінің Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне («Кодекс») және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілетін аудит бойынша қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз қызмет етеміз. Сонымен қатар біз осы талаптар мен Кодексте белгіленген өзге этикалық міндеттерді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп есептейміз.

### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пікірімізге сәйкес есепті кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аса маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілікке біз аудит жүргізген және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастырған кезде тұтастай қаралды. Біз аталмыш мәселелер бойынша жеке пікірімізді білдірмейміз.

**Біз неліктен мәселені аудит үшін негізгі деп есептейміз?**

Клиенттерге ұсынылған жеке кредиттер бойынша құнсыздануға бөлінген резервтер

Банктің ішкі әдістемесіне сәйкес құнсыздану белгілері анықталған белгіленген сандық шектен жоғары кредиттер елеулі құнсызданған кредиттер ретінде топтастырылады және жеке негізде бағаланады. Жеке бағалау аясында Топ кредит бойынша күтілетін дисконтталған ақша ағынын бағалайды және оларды баланстық құнымен салыстырады. Осы ақша ағынын бағалау Топ басшылығынан қарыз алушының операциялық қызметінен және кепілді іске асырудан алынатын болашақтағы ақша ағынының сомасы мен мерзіміне қатысты елеулі пайымдауын қолдануды талап етеді. Сондай-ақ осы болашақтағы ақша ағыны сыртқы экономикалық факторлардың өзгеруіне байланысты айтарлықтай (2, 19-ескертулерде белгіленгендей) өзгеруі мүмкін.

**Аудит жүргізу барысында не жасалды?**

Біз клиенттерге берілген кредиттерді резервтеу процесін түсіндік.

Жеке кредиттер үшін біз іріктеу жасадық және Топ құжаттаған қарыз алушылардың кредит алуға қабілеттілігіне, болашақтағы ақша ағынының мерзімі мен сомасын жоспарлау бойынша жорамалдарды тексеруге және кепілді қамсыздандыруды бағалауға жүргізілген шолуды, растау құжаттарына сәйкес негізгі жорамалдарды келісуді және құнсызданудан болған шығындарды есептеуді қайта орындауды қосқанда, есеп беру күні резерв құрудың барабарлығына тексеру жүргіздік. Кепілді іске асырудан түсетін ақша ағынын бағалау үшін біз мүліктің нарықтық құнын Топ белгілеген кепілді құнымен салыстырдық.

Аудиторлық процедураларымыздың нәтижесінде біз 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қандай да бір бұрмалауды анықтаған жоқпыз.

---

Клиенттерге берілген құнсызданған кредиттер бойынша пайыздық кіріс

Клиенттерге берілген құнсызданған кредиттер бойынша пайыздық кіріс құнсызданған кредиттің баланстық құнын және бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін жүргізу арқылы есептеледі. Құнсызданған кредиттердің баланстық құны құнсыздануға бөлінген резервті есептен шығарғанда негізгі борыш пен есептелген пайызды қамтиды. Клиенттің құнсызданған кредиттері бойынша танылатын пайыздық кірістің сомасы елеулі болып табылады және пайыздық кірісті есептеу бастапқы деректердің дәл енгізілуіне байланысты болады. Бастапқы деректердің дәл болмауы пайыздық кірістің қате көрсетілуіне

әкеп соғуы мүмкін (4-ескертуде белгіленгендей).

Таңдау негізінде біз пайыздық кірісті қайта есептедік және бастапқы деректерді растау құжаттарымен салыстырдық.

Аудиторлық процедураларымыздың нәтижесінде біз 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша клиенттерге берілген құнсызданған кредиттер бойынша пайыздық кірісті тануға қатысты бұрмалауды анықтаған жоқпыз.

---

Банктің автоматтандырылған жаңа жүйесіне (БАЖ) көшу

2016 жыл ішінде Банк жаңа автоматтандырылған жүйеге (БАЖ) өтті. Жаңа жүйеге көшу процесі деректерді алдыңғы БАЖ-дан жаңа БАЖ-ға ауыстыруды және деректерді өңдеу үшін жаңа жүйеде параметрлерді белгілеуді қамтиды. Банктің IT-жүйесі мен БАЖ негізінен басты бағыттардың бірі болып табылады, өйткені Банктің бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілік жүйесі едәуір дәрежеде деректерді кешенді өңдеуге тәуелді болады және 2016 жылы орын алған жүйенің көшірілуіне байланысты қателерге ұшырауы мүмкін.

Біз ақпараттық технологиялар жөніндегі сарапшыларымызды БАЖ бойынша аудиторлық процедураларды орындауға қатыстырдық. Біз көшіру процесіне жүргізілетін бақылауға тестілеу жұмыстарын жүргіздік, ол келесі аспектілерді қамтиды: жаңа жүйені іске асыру барысында банктің

жобасын басқарудың құрылымын бағалау, дұрыс функционалдық мүмкіндіктерге, пайдаланушының дұрыс қауіпсіздік параметрлерін қабылдау және міндеттерді бөлу принциптерін сақтау процедурасын жүзеге асыруға кепілдік беру мақсатында жүйе енгізілгенге дейін жүргізілген тестілеу процедураларының барабарлығын бағалау, жүйе енгізілгеннен кейінгі кезеңде қабылданған іс-шаралардың және деректер мен пайдаланушыларды көшіру процедурасының барабарлығын бағалау.

Таңдау негізінде біз алдыңғы БАЖ бен жаңа БАЖ арасында деректерді салыстыру жұмыстарын жүргіздік.

Сондай-ақ біз жаңа жүйенің қауіпсіздігін басқаруға, өзгерістерді басқаруға бағалау жүргіздік.

Аудиторлық процедураларымыздың негізінде біз қандай да бір елеулі бұрмалауды анықтаған жоқпыз.

## Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауап береді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті және ол бойынша біздің аудиторлық қорытындымызды қоспағанда, өзге ақпарат жылдық есептегі ақпаратты қамтиды. Біз осы аудиторлық қорытынды жасалған күннен кейін жылдық есеп бізге беріледі деп ойлаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз өзге ақпаратқа қатысты қолданылмайды және біз осы ақпарат бойынша қандай да бір сенімділік нысанын білдірмейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуге байланысты бізге өзге ақпарат ұсынылған кезде біз онымен танысуға міндеттіміз. Танысу барысында біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің біздің аудит жүргізу барысында алған білімімізге айтарлықтай сәйкес келмеуіне қатысты, сонымен қатар өзге де ықтимал елеулі бұрмалау жағдайларына қатысты өзге ақпаратты қарастырамыз.

Егер жылдық есеппен танысу кезінде біз өзге ақпараттың айтарлықтай бұрмаланғаны жөнінде тұжырымға келсек, біз ол туралы корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға хабарлауға міндеттіміз.

## Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚЕХС сәйкес әзірлеу және оның шынайы болуы үшін, сонымен қатар басшылық адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан мәліметтері елеулі түрде бұрмаланбаған шоғырландырылған

қаржылық есептілікті әзірлеу үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды немесе басшылықтың Топтың қызметін таратуға немесе тоқтатуға қатысты нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіз болуына қатысты мәліметтерді жария ету үшін және қызметтің үздіксіз болуына жол беру негізінде есептілікті құру үшін жауап береді.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеуін қадағалау үшін жауап береді.

## Аудиторлардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша жауапкершілігі

